

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымы

**Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Жалпы банк және өзге де операцияларды
жүргізу талаптары туралы ереже**

Алматы 2015

Мазмұны:

1 тарау.	Жалпы ереже
2 тарау.	Негізгі терминдер және қабылданған қысқартылған сөздер
3 тарау.	Банктің ұсынылатын банк қызметтері туралы ақпаратты ашу тәртібі
4 тарау.	Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі
5 тарау.	Жалпы банк операцияларын жүргізу талаптары
6 тарау.	Клиенттердің жалпы банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу талаптары
§ 1.	Сенімхат бойынша банктік есеп шоттарды басқару
7 тарау.	Жалпы салымдарды (депозиттерді) қабылдау талаптары
8 тарау.	Жалпы банктік қарыздарды (кредиттерді) ұсыну талаптары және төлемге қабілетсіз клиенттермен жұмыс істеу
9 тарау.	Жалпы басқа банк операцияларын жүргізу талаптары
§ 1.	Жалпы кассалық операцияларды жүргізу талаптары
§ 2.	Шетелдік валютамен айырбастау операциялары
§ 3.	Банкаралық клиринг және төлем карточкалармен операциялар
§ 4.	Төлемдер мен аударымдар
§ 5.	Сейфтік операциялар
§ 6.	Құжаттандырылған операциялар және сауданы қаржыландыру
10 тарау.	Банкпен қабылдап алынатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
11 тарау.	Банк операцияларын жүргізуге мөлшерлемелер мен тарифтер
§ 1.	Салымдар (депозиттер) бойынша мөлшерлемелер мен тарифтер
§ 2	Қарыздар (кредиттер) бойынша мөлшерлемелер мен тарифтер
12 тарау.	Банк қызметтерін ұсыну туралы шешімді шекті қабылдау мерзімдері
13 тарау.	Банктің банк қызметтерін ұсыну процесінде туындайтын, клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі
14 тарау.	Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі
15 тарау.	Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі
16 тарау.	Қорытынды ережелер
1 қосымша	Жеке тұлғаларға арналған тарифтер
2 қосымша	Заңды тұлғаларға/дара кәсіпкерлерге/шаруа қожалықтарына арналған тарифтер

Тір.№ _____
2015 жылдың _____

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ
Директорлар Кеңесінің
2015 жылдың 04 желтоқсандағы
шешімімен бекітілді
№38/2015 хаттама

Банктің Директорлар Кеңесінің
2015 жылғы 31 желтоқсандағы №40/2015 хаттамасымен бекітілген
№1 өзгертулермен және толықтырулармен бірге
Банктің Директорлар Кеңесінің
2016 жылғы 12 ақпанындағы №03/2016 хаттамасымен бекітілген
№2 өзгертулермен және толықтырулармен бірге
Банктің Директорлар Кеңесінің
2016 жылғы 14 наурызындағы №6/2016 хаттамасымен бекітілген
№3 өзгертулермен және толықтырулармен бірге
Банктің Директорлар Кеңесінің
2016 жылғы 21 сәуіріндегі № 9/2016 хаттамасымен бекітілген
№4 өзгертулермен және толықтырулармен бірге

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Жалпы банк және өзге де операцияларды жүргізу талаптары туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Жалпы банк және өзге де операцияларды жүргізу талаптары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (бұдан әрі – «Банктер және банк қызметі туралы заң») және Банктің Жарғысына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережелер Банкпен банктік және өзге операциялардың жалпы жүргізілу шарттары мен тәртібін анықтайды және келесі мәліметтер мен рәсімдерді құрайды:
 - 1) қабылданатын депозиттер мен ұсынылатын несиелердің шекті сомалары және мерзімдері;
 - 2) депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
 - 3) депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы төлеу шарттары;
 - 4) банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
 - 5) банктік операцияларды жүргізудің мөлшерлемелерінің және тарифтерінің шекті шамалары;
 - 6) банктік қызметтер ұсыну туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері;

- 7) банктік қызметтер ұсыну барысында туындайтын, клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі;
 - 8) банк пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
 - 9) клиенттермен жұмыс істеу тәртібі туралы ереже;
 - 10) Банктің Директорлар кеңесі банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттарына енгізу қажет деп есептейтін, банктік операцияларды жүргізу бойынша өзге шарттар, талаптар мен шектеулер.
3. Банк Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен заңды тұлға ретінде тіркелді (мемлекеттік тіркеу туралы 2008ж. 19 қыркүйектегі № 5062-1900-АО куәлігі) және өз қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі берген 2014 жылдың 23 желтоқсанындағы № 1.2.14/39 банктік және өзге операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызмет етуге лицензия (бұдан әрі – лицензия) негізінде жүзеге асырады.
 4. Лицензиямен көзделген банктік операцияларды жүзеге асыру кезінде, Банк 28.08.2009 жылғы №191-IV ҚРЗ «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) жән терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларын, уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқық актілерін және Банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операция жүргізу тәртібін реттейтін, Банктің ішкі құжаттарын, сонымен қатар Банктің қызметіне әсер ететін, шетел мемлекеттерінің заңнамаларын басшылыққа алады.
 5. Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі ұсынымдарының, ВТБ тобы саясатының және АҚШ Салық қызметінің сайтында RDC FFI» (Registered Deemed-Compliant Financial Institution) мәртебесімен тіркелу рәсімінен кейін туындаған, Банк міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Банк төмендегі жағдайда клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін (соның ішінде клиенттің АҚШ тұлғасына жатқызылуын) тексереді:
 - 1) клиентпен іскерлік қатынас орнатуға дейін;
 - 2) қаржылық мониторингке жататын, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды, соның ішінде күдікті операцияларды жүзеге асыру кезінде;
 - 3) бұдан бұрын алынған Клиент (оның өкілдері), бенефициарлық меншік иесі туралы деректердің дұрыстығына күдіктену негіздері болған кезде.
 6. Клиент тиісті тексеру бойынша рәсімдер жүргізу шеңберінде Банкпен талап етілетін құжаттарды, соның ішінде Сауалнама/Өтініштер/Банк үлгісі бойынша келісімді ұсынбаған, сонымен қатар оларды толық /тиісті түрде толтырмаған жағдайда, Банк/филиал/қосымша орынжай жұмысшысы клиентке банктік қызмет көрсетуден бас тартады.

2-тарау. Негізгі терминдер және қабылданған қысқартылған сөздер

7. Осы Ережеде келесі тенминдер мен қысқартылған сөздер қолданылады:

- 1) Банк – Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымы;
- 2) банк қызметтері – Банктің «Банктер және банк қызметі туралы» заңның 30 бабымен белгіленген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруы;
- 3) банк омбудсманы – қарыз алушының және банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және қарыз алушы - жеке тұлға арасындағы ипотекалық қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді оның өтініші бойынша реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 4) бенефициар – оның пайдасына кепілдік берілетін және/немесе аккредитив шығарылатын тұлға;
- 5) бенефициарлық меншік иесі – жарғылық капиталдағы қатысу үлесі 25 (жиырма бес) пайыздан артық тікелей немесе жанама тиесілі немесе клиенттің – заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының иесі (артықшылыққа ие және қоғам сатып алғандарды шегергеннен қалған), сонымен қатар, клиентті басқаша түрде бақылайтын жеке тұлға, немесе оның мүддесі үшін клиент ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жасайтын тұлға;
- 6) салым (депозит) – оны сақтау мақсатында және егер салымның (депозиттің) талаптарымен өзге көзделмесе, олар салымшының алғашқы талабы бойынша немесе қандай да бір мерзім арқылы алдын ала ескерілген үстемемен не мұнсыз толық немесе ішінара тікелей салымшыға қайтарылуы не оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаға (-ларға) тапсырылуы тиіс болудан тәуелсіз, оларды қайтару талаптарында кіріс алу мақсатында салымшымен Банкте орналастырылатын, ұлттық немесе шетелдік валютадағы ақша;
- 7) FATCA бойынша сауалнама – FATCA ережелері бойынша белгіленген клиенттерді тиісті түрде тексеру және топтастыру мақсатында заңды тұлғаларға, жеке тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге арналған сауалнамалар;
- 8) кепілдік – кепілгермен олар кепілдікте арнаулы ескерілуі мүмкін болатын құжаттарды қоса беріп, кепілдіктің талаптарына сәйкес жасалған, бенефициардың жазбаша талабы бойынша ақшалай соманы төлеуден тұратын, кепілгермен жазбаша нысанында үшінші тұлғалардың (бенефициардың) пайдасына берілген міндеттеме;
- 9) банк қызметтерін ұсыну туралы шарт – егер өзге шартпен көзделмесе, ол бойынша Банк клиенттің тапсырмасы бойынша банк қызметтерін көрсетуге міндеттенетін, ал клиент бұл қызметтерді төлеуге міндеттенетін шарт. Шартқа қосымша келісім негізгі шарттың ажырамас бөлігі болып табылады;
- 10) қарыз (кредит) – Банктің уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясының негізінде банктік қарыз, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операцияларды жүзеге асыруы;

- 11) банктік қызмет ұсыну туралы өтініш – клиенттің Банк шартының типтік шартына қосылуды қарастырмайтын банктік өнім түріне байланысты банктік қызмет ұсыну мүмкіндігін қарауға жазбаша өтініші.
- 12) клиент – жекелеген банктік операция түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар, өзге заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, соның ішінде заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар, банктік қызмет тұтынушылары болып табылатын немесе банктік қызметтерді пайдаланғысы келетін, Қазақстан Республикасының резиденттері немесе резидент емес тұлғалар;
- 13) Байланыс Орталығы – Банктің Бөлшек бизнесін дамыту департаментінің Клиентке қызмет көрсету басқармасы, оның құзыреттігіне телефон қоңырауы бойынша клиенттерге кеңес беру және қызмет көрсету жатады;
- 14) Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар деп мыналар танылады:
 - а) Банк филиалының кез келген лауазымды адамы немесе басшы қызметкері, филиалдың бірінші басшысы және бас бухгалтері, сондай-ақ олардың жұбайлары және жақын туыстары;
 - б) Банкінің ірі қатысушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға не Банкінің ірі қатысушысының лауазымды адамы, сондай-ақ олардың жұбайлары және жақын туыстары;
 - с) осы баптың 3-тармағының (а) және (б) тармақшаларында көрсетілген адамдар ірі қатысушысы не лауазымды адамдары болып табылатын заңды тұлға;
 - д) өзіне қатысты жағынан осы банк ірі қатысушысы болып табылатынын заңды тұлға, осы заңды тұлғаның лауазымды адамдары, олардың жұбайлары және жақын туыстары;
 - е) банктің үлестес тұлғалары;
- 15) Экстремистер тізбесі – оларға қатысты олардың экстремистік әрекеттерге немесе лаңкестікке (терроризмге) қатыстылығы туралы мәліметтер бар ұйымдар мен жеке тұлғалар тізбесі;
- 16) Клиенттің өкілі – сенімхат негізінде немесе заңды тұлғаның құрылтайлық құжаттары негізінде әрекет ететін клиенттің өкілетті тұлғасы, немесе жеке тұлғаның заңды өкілі болып табылатын (ата-анасы, асырап алушысы, қамқоршысы, қамқоры, патронатты тәрбиеші) тұлға;
- 17) АҚШ тұлғасы – Америка Құрама Штаттарында немесе Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі - АҚШ) немесе штаттардың біреуінің заңнамасына сәйкес тіркелген серіктестік немесе корпорация; немесе сенім қоры егер: 1) АҚШ соттарына жатса 2) АҚШ бір немесе одан астам тұлғасы осы сенім қорының барлық негізгі шешімдерін немесе АҚШ Салық кодексімен көзделген, корпорацияларды қоспағанда, АҚШ азаматы немесе резиденті болған, қаза болған тұлғаның мүлігін бақылау уәкілеттігіне ие болса;
- 18) FATCA бойынша ережелер – Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамының Еншілес ұйымымен Банк Басқармасымен 27.06.2014 жылы бекітілген (№44 хаттама), «Шетел шоттарына салық салу туралы» (FATCA) АҚШ Заңының

ережелерін қадағалау шеңберінде клиенттерге (жеке тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге) кешенді тексеру жүргізу ережелері;

- 18-1) Банктің тоқтатым-парақтары – мемлекеттік орган (с.і. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік табыстар комитеті) ұсынатын жалған кәсіпкерлікті жүзеге асыру тәуекел деңгейі жоғары тұлғалардың тізімі, ВТБ тобының жағымсыз клиенттерінің тізімі, соларға қатысты АҚШ Қазынашылық департаментінің Шетелдік активтерін бақылау басқармасының (OFAC), Еуропалық одақтың және Біріккен Ұлттар Ұйымының ықпалшаралары қолданылатын тұлғалардың тізімі, сондай-ақ Банк және корреспондент банктер (Комплаенс-бақылау және қаржылық мониторинг басқармасы, Қауіпсіздікті қамтамасыз ету департаменті) құратын өзге де тізімдер кіреді;
- 19) тариф – көлемі Банктің Директорлар кеңесімен 2014 жылдың 16 желтоқсанында (№40/2014 хаттама) бекітілген, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Тарифтік саясатына сәйкес 2015 жылғы 11 тамызда Банктің Директорлар кеңесі бекіткен (№ 22/2015 хаттама), белгілі бір банктік операциялар мен қызметтердің бағасы;
- 20) үлгілі шарт – Банк клиентіне банк қызметтерін көрсету және банк өнімдерін ұсыну талаптары, Банк пен клиенттің құқықтары мен міндеттері, басқа талаптары бар, Банктің уәкілетті органы бекіткен шарттың нысаны;
- 21) уәкілетті мемлекеттік орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;
- 22) Банктің уәкілетті органы – оның құрылымы, қызметтері мен өкілеттіктері Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген, банк қызметінің белгілі түрін реттеу бойынша табысталған өкілеттіктерге ие, Банктің тұрақты әрекет ететін алқа жұмыс органы;
- 23) филиал – Банкпен оған ұсынылған өкілеттіктердің шегінде әрекет ететін, Банктің атынан немесе оның мүддесінде банк қызметін жүзеге асыратын, Банктің орналасу жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын, сондай-ақ оған қосымша үй-жайлар кіретін Банктің жекеленген бөлімшесі.
- 24) электронды банк қызметтері – Банк клиентінің банк шотындағы ақшасының сомасы/банктік шоттар бойынша жүргізілген банк операциялары туралы ақпаратты алу үшін өзінің банк шоттарына қол жеткізуді алумен/ақша төлеуді және аударуды жүзеге асырумен/банк шоттарын ашумен немесе жабумен және/немесе Банкпен серік байланысы немесе өзге байланыс түрлері арқылы телекоммуникация желілері бойынша ұсынылатын банк операцияларының өзге де түрлерін жүзеге асырумен байланысты қызметтер. Электронды банк қызметтері ақпараттық-банк және транзакциялық-банк қызметтеріне бөлінеді.

3-тарау. Банктің ұсынылатын банк қызметтері туралы ақпаратты ашу тәртібі

8. Осы Ережеде белгіленген банк және өзге де операцияларды жүргізу жалпы талаптары ашқы ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банк құпиясының мәні болуы мүмкін емес.
9. Осы Ереже Банктің корпоративтік (ресми) WEB-сайтында (www.vtb-bank.kz) орналастырылады және клиенттің алғашқы талабы бойынша, ол банк қызметін алу мақсатында Банкке жүгінген кезде ұсынылады. Банк операцияларын жүргізу талаптары туралы қосымша ақпаратты және қызметтерді алу үшін, клиенттер Байланыс Орталығына (анықтама телефондары: 5050 – ұялы телефоннан тегін, + 7 (727) 330-50-50) және Банктің клиенттеріне консультация беретін және қызмет көрсететін Банктің өзге құрылымдық бөлімшелеріне хабарласа алады.
10. Банк Банктің бас кеңсесінде мен филиалдарында (олардың қосымша үй-жайларында), шолу және танысу үшін қолжетімді орындарда, Банктің WEB-сайтында (www.vtb-bank.kz) банк қызметтерінің мөлшерлемелері мен тарифтері туралы, қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерді бекіту және өзгерістер енгізу күні туралы мәліметтерді көрсете отырып, өзекті ақпаратты, ішкі құжат пен оларды бекіткен (қабылдаған) Банктің уәкілетті органының нөмірлерін орналастырады.
11. Тарифтер, егер өзге мерзім банк қызметтерін көрсету туралы шартпен белгіленбесе, өзгертулер енгізу күніне дейін кем дегенде 10 (он) жұмыс күні бұрын өзгерген кезде, Банк шолу және тансыу үшін қолжетімді орындарда хабарландыруларды ілу және/немесе Банктің корпоративтік (ресми) WEB-сайтында (www.vtb-bank.kz) тиісті ақпаратты орналастыру жолымен клиенттерді ескертеді.
12. Банк қызметтері туралы жарнаманы таратқан кезде, Банк «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003ж. 19 желтоқсандағы Заңы мен «Банктер және банк қызметі туралы» заңы және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша агенттік басқармасының 2011 жылдың 28 ақпанындағы № 19 «Банк қызметтерін қыну және банктермен банк қызметтерін ұсыну барысында туындайтын, клиенттердің өтініштерін қарау ережелерін бекіту туралы» қаулысының талаптары қадағаланады, соның ішінде:
 - 1) жарнама тікелей ұсынылу сәтінде арнаулы білімсіз немесе арнаулы құралдарды қолданбай дәйекті әрі түсінікті болып табылады;
 - 2) мерзімді баспасөз басылымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде таратылады;
 - 3) радиоға жарнаманы қоспағанда, жарнамада Банк лицензиясының нөмірі және лицензияны берген, уәкілетті мемлекеттік органның атауы көрсетіледі;
 - 4) банкаралықты қоспағанда, қарыздардың (кредиттердің) және салымдардың (депозиттердің) жарнамасында сыйақы мөлшерлемелері (нақты құны) шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде көрсетіледі.

4-тарау. Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі

13. Банк клиенттерге банк қызметтерін ұсынған кезде:

- 1) банк қызметін ұсыну туралы шартты жасауға дейін клиентке мыналарды ұсынады:
 - a) мөлшерлемелер мен тарифтер, банк қызметін ұсыну туралы өтініш (клиентпен өтініш беру қажет болған кезде) бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты;
 - b) банк қызметін ұсыну талаптары туралы ақпаратты және банк қызметін ұсыну туралы шартты жасау үшін қажет құжаттардың тізбесін;
 - c) банк қызметін ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, клиенттің жауапкершілігі мен мүмкін тәуекелдері туралы ақпаратты;
 - d) клиентте туындаған мәселелер жөнінде кеңес беру;
 - e) клиенттің тілегі бойынша – банк қызметін ұсыну туралы тиісті шарттың үлгілі нысанының көшірмесін;
- 2) осы Ереженің 137 тармағында белгіленген мерзімде клиенттің банк қызметін ұсыну туралы өтінішін (клиентпен өтініш беру қажет болған кезде) қарайды;
- 3) банк қызметін ұсыну шартына қол қоюға дейін клиентке оның талаптарымен танысу үшін қажетті уақыт береді;
- 4) клиентті көрсетілетін банк қызметі бойынша даулы ахуалдар туындаған кезде Банкке, банк омбудсманына (ипотекалық қарыздар бойынша), уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы хабарландырады. Осы мақсаттарда клиентке Банктің, банк омбудсманы мен уәкілетті мемлекеттік органның орналасқан жері, пошта және электронды мекен-жайлары (интернет-ресурсы) туралы ақпаратты ұсынады;
- 5) сұрау бойынша клиентті қаржылық есептілікті және Банктің өзге де ақпаратын орналастыру көздері туралы хабарландырады;
- 6) клиентпен ұсынылған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

14. Банк банктік салым шартын жасауға дейін, осы Ереженің 13 тармағының 1 тармақшасымен көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа, клиентке ауызша түрде банктік салымдар (депозиттер) бойынша келесі ақпаратты ұсынады:

- 1) салым (депозит) түрі: талап етуге дейінгі, мерзімді, шартты;
- 2) салым (депозит) мерзімі - (болған кезде);
- 3) салымның (депозиттің) минималды сомасы;
- 4) сыйақы мөлшерлемелері, соның ішінде клиент жүгінген күнге шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны);
- 5) салым (депозит) мерзімін ұзарту (уақытын созу) шарттары (болған жағдайда);
- 6) салымды (депозитті) толтыру/алып тастау мүмкіндігі (болған жағдайда);
- 7) сыйақы төлеу тәртібі және көлемі;

- 8) салым (депозит) сомасын толық немесе ішінара мерзімінен бұрын алып алған жағдайда, орналастырылған салымның азаймайтын қалдық көлемін қадағаламау салдары;
 - 9) кепілдік берілетін банктік салымдар (депозиттер) бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген кепілдік орнын толтыру мөлшері.
15. Банк банктік қарыз шартын жасуға дейін, осы Ереженің 13 тармағының 1 тармақшасымен көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа, клиентке ауызша түрде банктік қарыздар (кредиттер) бойынша келесі ақпаратты ұсынады:
- 1) банктік қарызды (кредитті) ұсыну мерзімі;
 - 2) банктік қарыздың (кредиттің) шекті сомасы мен валютасы;
 - 3) сыйақы мөлшерлемесінің түрі: тиянақталған немесе құбылмалы, егер сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болып табылған жағдайда, есеп айырысу тәртібі;
 - 4) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздағы мөлшері және лері клиент жүгінген күнге оның шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі мөлшері;
 - 5) толық тізбесі және комиссиялардың, тарифтердің және Банктің пайдасына банктік қарызды (кредитті) алумен және қызмет көрсетумен (өтеумен) байланысты өзге шығыстарының мөлшерлері;
 - 6) «Банктер және банк қызметі туралы» Заңмен көзделген клиентпен – заңды тұлғамен жасалған банктік қарыз шартының талаптары мүмкін бір жақты өзгерген жағдайлар;
 - 7) банктік қарыз шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, клиенттің жауапкершілігі мен тәуекелдері;
 - 8) кепіл берушінің, кепілгердің, кепілшінің және қарызды (кредитті) қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын өзге тұлғаның жауапкершілігі.
16. Жеке тұлғамен банктік қарыз шартын жасауға дейін, Банк қарыз алушыға (қосалқы қарыз алушыға) міндетті тәртіпте танысу және қарызды (кредитті) өтеу әдістерін таңдап алу үшін сараланған төлемдер әдісімен және аннуитеттік төлемдер әдісімен, шартта белгіленген мерзімдікпен есептелген, қарызды (кредитті) өтеу кестесінің жобаларын ұсынады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Банк Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әдістермен есептелген, қарызды (кредитті) өтеу кестесінің қосымша жобасын ұсынуға құқылы.
17. Банк қызметінің/өнімінің әр түрі бойынша банк қызметін ұсыну туралы өтінішті (өтінішті беру қажеттігі болған кезде) қарау тәртібі мен мерзімдері Банктің тиісті ішкі құжаттарымен белгіленді.

5-тарау. Жалпы банк операцияларын жүргізу талаптары

18. Банк уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясының негізінде келесі банк операцияларын (ұлттық және/немесе шетелдік валютада) жүзеге асырады:

- 1) жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу, салымдарды (депозиттерді) қабылдау;
 - 2) заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу, салымдарды (депозиттерді) қабылдау;
 - 3) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - 4) тұлғаға жататын тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған тиіндардың заттай саны көрсетілсін, жеке және заңды тұлғалардың металды шоттарын ашу және жүргізу;
 - 5) кассалық операциялар (қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беруі);
 - 6) аударым операциялары (жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау);
 - 7) есептік операциялар (жеке және заңды тұлғалардың вексельдерін және өзге қарыз міндеттемелерін есепке алу (дисконт));
 - 8) банктік қарыз операциялары (төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысандағы кредиттер беру);
 - 9) шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру, соның ішінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
 - 10) төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
 - 11) аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
 - 12) банктердің ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беруі;
 - 13) банктердің үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беру.
19. Банк, осы Ереженің 18 тармағымен көзделген банк операцияларынан басқа, сейфтік операцияларды (сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтерді), брокер-делдалдық қызметті, төлем карточкалары пайдаланылатын операцияларды және уәкілетті мемлекеттік орган лицензиясына сәйкес өзге де операцияларды және Қазақстан Республоикасының заңнамасымен және Банк лицензиясымен көзделген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
20. Банк қызметтерін ұсынған кезде, Банк пен клиенттердің арасындағы қарым-қатынастары, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен өзге көзделмесе, шарттардың негізінде жүзеге асырылады.
21. Қазақстан Республикасының бирезидент клиенттерімен банк операцияларын жасаған (мәмілелер жасаған) кезде, Банк және клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасымен ратификацияланған, жалпы жұрт қабылдаған

(сәйкестендірілген) халықаралық ережелер мен халықаралық дәстүрлерді және ережелерді басшылыққа алады.

22. Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамдар болып табылатын жеке және заңды тұлғалармен банк операцияларын жасаған (мәмілелер жасаған) кезде, Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын басшылыққа алады. Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен мәміле, осындай мәмілелердің үлгілі шарттары Банктік Директорлар кеңесімен бекітілген жағдайларды қоспағанда, Банктік Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамдарға (адамдарда) ұсынылған (орналастырылған) активтерге қатысты талап ету құқығынан бас тарту Банк Акционерін ескертумен жүзеге асырылады.
23. Банк Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамдарға жеңілдік талаптарды ұсынбайды, ал атап айтқанда:
 - 1) Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адаммен мәміле жасамайды немесе оған оның тәні, мақсаттары, ерекшеліктері мен тәуекелі бойынша Банк Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамдармен кірмеген оның мүддесінде шықпайды;
 - 2) банк операциясын/қызметті орындағаны үшін сыйақы және төлемді өндіріп алмайды немесе басқа тұлғалардан талап етілетінге қарағанда төмен қамтамасыз етуді қабылдап алмайды;
24. Банк банктік конгломерат қатысушылары болып табылатын тұлғаларды қоспағанда, Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға қамтамасыз етусіз (банктік қарыздар) қарыздар (кредиттер) бермейді.
25. Банк қандай да бір тұлғамен ол мынаған әкеліп соғатын мәміле жасауы мүмкін емес:
 - 1) Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамның алдында міндеттемелерді төлеуге;
 - 2) Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адамнан қандай да бір мүлікті сатып алуға;
 - 3) Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысты адаммен эмиссияланған бағалы қағаздарды сатып алуға, Банктік меншік иесіндегі бағалы қағаздарды қоспағанда.
26. Банк келесі жағдайларда жеке немесе заңды тұлғаларға іскерлік қатынастар орнатуда, сонымен қатар ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жүргізуден бас тартуға міндетті:
 - 1) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасайтын жеке және заңды тұлғаларды сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді (оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін) анықтау мүмкін болмағанда;
 - 2) іскерлік қатынастардың болжаулы мақсаты мен сипатын анықтау мүмкін болмағанда;

- 3) клиенттің, оның құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, өкілдердің, лауазымды тұлғалардың деректерінің Экстремистер тізбесіндегі деректерге сәйкесуі, клиентте Экстремистер тізбесіне енгізілген операция бойынша алушы, шарт бойынша тарап, операцияға қатысушылар болғанда.
27. Банк мына жағдайларда жеке немесе заңды тұлғаларға іскерлік қатынас орнатудан, клиенттің тапсырмаларын орындаудан бас тартуға, сондай-ақ Банктің бастамасы бойынша клиентпен барлық шарттарды бұзуға құқылы;
- 1) клиенттің тапсырмасын орындаған кезде, Банк алаяқтықпен, заңсыз алынған ақшаны жария етумен, терроризмді қаржыландырумен, қару және ату жарақтарды сатумен байланысты өзге де әдеттегіден тыс операцияларға және олар қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыруға (ақшаны жылыстатуға) қарсы әрекет жөніндегі Банктің ішкі құжаттарымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, халықаралық актілермен, солай және оның аумағында мұндай операцияның кез келген қатысушысы орналасқан немесе уақытша орналасқан елдің заңнамасымен белгіленуі мүмкін болатын өзге де күдікті операцияларға тартылу мүмкіндігі болса, клиентпен барлық шарттарды бұзуға;
 - 2) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің шынайылығын және жаңаруын тексеру бойынша шараларды қолдану мүмкін болмағанда;
 - 3) жеке немесе заңды тұлғаның, оның құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иесінің, өкілдерінің, лауазымды тұлғаларының сәйкестендірме деректерінің Экстремистер тізіміндегі және/немесе Банктің Тоқтатым-парақтарындағы тұлғалардың деректерімен сәйкес келуі, клиентте Экстремистер тізіміне және/немесе Банктің Тоқтатым-парақтарына енген операция бойынша алушылардың, шарт бойынша тараптардың, операцияға қатысушылардың болуы;
28. Банк дербес компьютерлер, телефондар, Интернет арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен байланыс арналары бойынша алыстан электронды банк қызметтерін ұсынуы мүмкін. Банк электронды банк қызметтерін ұсынған/клиенттер оларды алған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі мен құпиялылығы Банктің ішкі құжаттарымен белгіленді. Банкпен электронды банк қызметтерін ұсыну (жүргізу) және оларға электронды банк қызметтерін ұсыну туралы шартпен не электронды банк қызметтерін көрсету бойынша талабы бар, банктік қызмет көрсету шартымен белгіленген, тәсіл (тәсілдер) (Интернет және телефонды, дербес компьютерді немесе басқа құрылғыларды пайдаланып, өзге байланыс арналары арқылы) қолжетімділік алу үшін, барлық сыйақылар төлеу Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банк клиенттерімен жүзеге асырылады. Электронды банк қызметтерін ұсыну және жаңа нұсқаны жасауды қоса алып, оларға қолжетімділік алу тәсілдерінің жаңаруы (өзгеруі) туралы ақпарат жасалған электронды банк қызметтерін ұсыну туралы шарттың не электронды банк қызметтерін көрсету бойынша талабы бар, банктік қызмет

көрсету шартының талаптарына сәйкес орналастырылады. Электронды банк қызметтерін ұсыну тәртібі олар Банктің WEB-сайтында (www.vtb-bank.kz) орналастырылатын, Банктің уәкілетті органымен бекітілген, Банктің тиісті ішкі құжаттарымен регламенттелген.

29. Банк клиентті рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғау және алаяқтық операцияларын тойтару мақсатында қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесін пайдалана отырып, операция сомасына шектеулер мен лимит белгілеуге құқылы. Көрсетілген шектеулер мен лимит шамасы, сонымен қатар оларды белгілеу шарты мен тәртібін Банк өз бетінше анықтайды. Бұл ретте клиентті мұндай шектеулер/лимиттер туралы Банктің WEB-сайтына келесі мекен-жай бойынша тиісті ақпарат орналастыру жолдарымен хабарлайды: <https://online.vtb-bank.kz>, <https://ibank.vtb-bank.kz>

6-тарау. Клиенттердің жалпы банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу талаптары

30. Банк келесі банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асырады:
- 1) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын;
 - 2) заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын;
 - 3) заңды және жеке тұлғалардың жинақ шоттарын.
31. Банк шоттарын ашу және жүргізу клиент пен Банк арасында, соның ішінде типтік шартқа қосылу арқылы жасалған, банктік шотты ашу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады. Банк шотын ашқан кезде, Банк клиенттен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген құжаттардың пакетін ұсынуды талап етеді.
32. Банк шоттары ұлттық және шетелдік валюталарда ашылуы және жүргізілуі мүмкін. Банк клиенттің банкілік есеп шот ашу туралы өтінішінде клиент көрсеткен валютамен есеп ашуды жүзеге асырмайтын болса банкілік есеп шот ашудан бас тартуға немесе шарттың типтік талаптарына қосылу туралы өтінішін (акцептін) қабылдаудан бас тартуға құқылы. Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша ақшаның минималды қалдығы шектелмейді.
33. Клиенттермен Банкте ашылатын банк шоттарының саны шектелмейді. Бұл ретте Банк үшінші тұлғалардың атына есеп шот ашуды клиенттің өкілі жүзеге асырған жағдайда үшінші тұлғалардың пайдасына банкілік есеп шот ашпайды.
34. Заңды тұлғаға, соның ішінде Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот атқарушысы, қорғаушы, кәсіби медиатр ретінде тіркеу есебінде тұратын жеке тұлғаға, шетелдікке және азаматтығы жоқ тұлғаға, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін, арнайы

қаржы компаниясының облигацияларының шығарылуын қамтамасыз ету болып табылатын активтерді, инвестициялық қор активтерін сақтауға арналған банктік шоттарды, резидент емес, шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалар – заңды тұлғалардың сақтау шоттарын, шетел банк-корреспонденттердің корреспонденттік шоттарын, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін, банктік шоттарды қоспағанда, банктік шот ашу кезінде Банк мемлекеттік кірістер органына хабарламалардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз ететін, ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша табыстау арқылы сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, аталған шоттарды ашу туралы хабарлайды.

Техникалық проблемалар үшін осындай электрондық байланыс арналары арқылы аталған шоттардың ашылуы туралы хабарлау мүмкін болмаған жағдайда хабарландыру салық төлеушінің орналасқан орны (тұрғылықты жері) бойынша салық органына 3 (үш) жұмыс күні ішінде қағаз тасығышта жолданады.

35. Банк шоттарын ашудан бас тарту Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексімен, «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 237 Заңымен, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңымен көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, сондай-ақ 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесімен көзделген құжаттарды ұсынбаған не клиент пен Банктің арасында мәміле жасалмаған жағдайда жүзеге асырылады. Банк шоттарын ашудан бас тарту Клиент толтырылған Сауалнаманы ұсынбаған кезде немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, FATCA бойынша Сауалнаманы толық/тиісті түрде толтырмаған жағдайда, сонымен қатар клиент Банктің ішкі құжаттарының және FATCA бойынша ережелердің талаптарына сәйкес дербес деректерді, құпия ақпаратты жинауға, өңдеуге және табыстауға келісімін бермеген жағдайда жүзеге асырылады.
36. Ағымдағы шот бойынша ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына сыйақы төлеумен байланысты операциялар банк шотын ашу туралы шартымен не оған қосымша келісіммен белгіленетін мөлшерінде, тәртіппен және талаптарында орындалуы мүмкін. Банк шотын ашу туралы шартында/оған қосымша келісімде сыйақы төлеу туралы талаптары болмаған кезде, ағымдағы шоттағы ақшаға сыйақы есептелмейді және төленбейді.
37. Банк ағымдағы шотағы ақшаның қалдығына жылдық 0,01%-дан 18%-ға дейін мөлшерінде мөлшерлердің шекті шамасын белгілейді.
38. Төлем құжаттары және төлем құжаттарын қайтарып алу туралы немесе олардың орындалуын тоқтату туралы өкімдер Банкке, егер Қазақстан

Республикасының заңнамасымен өзге көзделмесе, келесі санында белгіленген операциялық күні ішінде қағаз тасығыштарда ұсынылады:

- 1) төлем тапсырмасы - 2 (екі) данада;
- 2) төлем талап-тапсырма – кем дегенде 2 (екі) данада;
- 3) инкассалық өкім – кем дегенде 3 (үш) данада;
- 4) төлем құжаттарды қайтарып алу туралы немесе оның орындалуын тоқтату туралы өкім – 1 (бір) данада.

§ 1. Банкілік есеп шоттарды сенімхат бойынша басқару

39. Клиент банкілік есеп шотқа, банкілік есеп шоттағы ақшаға билік ету, сенімхат негізінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес өз өкіліне банкілік есеп шот бойынша көшірме (анықтама) алу құқығын беруге құқылы.
40. Шет мемлекеттің аумағында жасалған және берілген клиент сенімхаты тиісінше апостильденген болуы тиіс, Қазақстан Республикасының халақыралық шартымен сенімхатты апостильдеу туралы талап жойылғаннан өзге жағдайда.
41. Шет тілде жасалған клиент сенімхаты Банкке орыс тілінде аударылған, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес тәртіпте нотариалдық кулендірілген болуы тиіс.
42. Заңды тұлғаның банкілік есеп шоттарына билік етуге уәкілеттілігі бар заңды тұлға өкіліне заңнамаға немесе заңды тұлғаның құрылтайлық құжаттарына сәйкес сенімхат беру талап етілмейді.
43. Клиенттің банкілік есеп шоттарына билік етуге уәкілеттілігі бар жеке тұлғаға (ата-анасы, асырап алушысы, қамқоршысы, қамқоры, патронатты тәрбиеші) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімхат беру талап етілмейді. Бұл ретте есеп шот бойынша операция жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасы және Банктің ішкі құжаттары талаптарына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде жүзеге асырылады.
44. Клиент өкілі банкілік есеп шот бойынша операция жасау үшін Банкке бірінші рет жүгінген болса клиент өкілінің дербес деректерді, құпия ақпаратты жинауға, өңдеуге және беруге келісімнің тиісті формасына қол қоюы міндетті шарт болып табылады. Банк міндетті түрде банкілік есеп шотқа билік етуге уәкілеттілігі бар клиент өкілін және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттары талаптарына сәйкес оның пайдасына банкілік есеп шоты бойынша операциялар жасалатын клиентті тиісінше тексеру бойынша процедураны жүзеге асырады.
45. Клиент өкілінің сенімхат бойынша уәкілеттіліктерді жүзеге асыруы тек Банк мұндай сенімхаттың легитимдігін тексергеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Тексеру Банкке сенімхат ұсынылғаннан кейін 5 (бес) күнтізбе күні ішінде

жүргізіледі. Банк оны сәйкестендіру мақсатында клиент өкілінің қосымша құжаттар тапсыруын талап етуге құқылы.

46. Клиент сенімхат бойынша өз өкілін ауыстырған жағдайда, немесе клиент – заңды тұлға өкілінің уәкілеттілігін мерзімінен ерте тоқтатқан жағдайда (онымен шарттық және/немесе өзге қатынастарды тоқтатқан жағдайда) ол туралы Банкке мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын ұсына отырып, тез арада хабарлауға міндетті. Олай етпеген жағдайда Банк клиент өкілінің әрекеттері үшін жауап бермейді.
47. Банк Клиенті өзінің және өзінің сенімхат бойынша өкілінің, клиенттің – заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының төлемдер / аударымдар жасау және төлем құжаттарын ресімдеу, валюталық және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген өзге операцияларын жүргізу тәртібін, Банкпен жасалған / өзі қосылған тұлғамен жасалған шарт қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуі тиіс.

7-тарау. Жалпы салымдарды (депозиттерді) қабылдау талаптары

48. Банк жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады және аталған жүйенің Қатысушысының 2009 жылғы 18 маусымдағы № 040 куәлігінің негізінде әрекет етеді (бұдан әрі – банк-қатысушы/банк-агент).
49. Салымды (депозитті) қабылдаған кезде, Банк пен клиенттің арасында банк салымы шарты жасалады, онда барлық орналастыру, салым (депозит) бойынша сыйақы төлеу, салымды (депозитті) қайтару талаптары және өзге де талаптар көрсетіледі.
50. Салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемесі салымды (депозитті) жинақ шотта орналастыру мерзіміне, салымның (депозиттің) түріне, салымның (депозиттің) валютасы мен сомасына тәуелді саралап, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша агенттік басқармасының 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 358 қаулысымен бекітілген, екінші деңгей банктері үшін пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесі және нормативтік мәндері туралы нұсқаулықтың 45-1 тармағының 2 тармақшасының талаптарын қадағалай отырып белгіленеді.
51. Салым (депозит) бойынша сыйақы мөлшерінің есебін айыру салым (депозит) талаптарына тәуелді жүргізіледі. Заңды және жеке тұлғалардың, соның ішінде заңды тұлғаны құрмай қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақы мөлшерінің есебін айыру үшін, егер банк салымы шартымен өзге белгіленбесе, бір жылда 365/366 күнтізбелік күндердің есебінен ақша жинақ шотта болған күндердің нақты санын есептеу алынады. Сыйақы ақша жинақ шотта болған күндердің нақты саны үшін салым (депозит) сомасының әрбір өзгерісін есепке ала отырып, жинақ шоттағы ақшалардың күнделікті келіп түсетін қалдығына есептеледі. Бұл ретте ақшаны жинақ шотқа

есепке қосу күні және оларды жинақ шоттан қолданудан алу күні бір күн болып саналады.

52. Заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері) заңды тұлғалармен қолма-қол есептесулер туралы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ұлттық валютада қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз тәртіппен, шетелдік валютада – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтаумен қолма-қол ақшасыз тәртіппен қабылданады. Жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтаумен валюта түрінен тәуелсіз, қолма-қол ақшалай, солай қолма-қол ақшасыз тәртіппен қабылданады.
53. Банкілік есеп шот бойынша жинақтау есеп шотын ашқан жағдайда ақшаны клиенттің өзі де, клиент өкілі де пайдасына салым енгізетін жеке тұлғаның аты-жөнін немесе заңды тұлғаның атауын банкілік салым шартында көрсеткен жағдайда салым енгізуге болады. Бұл ретте Банк банкілік салым шартын жасау сәтінде қайтыс болған жеке тұлғаның немесе жұмыс істемейтін заңды тұлғаның пайдасына жинақтау есеп шотын ашпайды.
54. Банк банк салымдары (депозиттері) бойынша келесі шекті талаптарды белгілейді:
- 1) орналастырылатын салымның (депозиттің) минималды сомасы:
 - а) ұлттық валютада – кем дегенде 1 (бір) теңге;
 - б) АҚШ долларында – кем дегенде 1 (бір) АҚШ доллары;
 - с) ЕУРО-да – кем дегенде 1 (бір) еуро;
 - д) ресей рублінде – кем дегенде 1 (бір) ресей рублі;
 - 2) салымға (депозитке) орналастырылатын ақшаның минималды сомасы – Банктің меншік капиталының 10 (он) есе мөлшерінен астам емес. Банктің меншік капитал көлемінен 10 (он) пайыздан астам көлемде салым (депозит) ашу туралы, сонымен қатар аталған көлемде қосымша салым сомасын енгізу туралы шешім Банктің Директорлар кеңесімен қабылданады;
 - 3) салымға (депозитке) ақшаны минималды орналастыру мерзімі – кем дегенде 1 (бір) күн;
 - 4) максималды мерзімі – талап етуге дейінгі салымдар үшін мерзімсіз және жедел салымдар (кредиттер) бойынша шартты салымдар – 20 (жиырма) жылдан астам емес.
55. Банк банктік салымдар (депозиттер) бойынша жылдық 0,01%-25% мөлшерінде сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларын орнатады. Бұл ретте Банктің уәкілетті органы банктік салымдар (депозиттер) бойынша сыйақының тиянақталған мөлшерлемесін нақты депозиттік өнім түріне және шарттарына байланысты салымдар (депозиттер) бойынша бекітілген сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларының аясында және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ бекіткен жеке тұлғалардың банктік салымдары (депозиттері) бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде бекітеді.

56. Жинақ шоттары бойынша операциялар Банкпен мыналардың негізінде жүргізіледі:
- 1) клиенттің (салымшының) тапсырмалары бар, төлем және кассалық құжаттардың;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиент (салымшы) атынан әрекет ететін клиент өкілінің тапсырмасы көрсетілген төлем құжаттары;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің (салымшының) акцептін талап етпейтін үшінші тұлғалардың талаптары
 - 4) Банктің өкімдерінің, егер олар банк салымы шартының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына қайшы келмесе.
57. Салым (депозит) салым (депозит) сомасын ішінара қолданудан алу (егер ішінара қолданудан алу банк салымы шартының талаптарымен көзделсе) не оның нәтижесінде банк салымы шартын мерзімінен бұрын бұзу жүзеге асырылатын, салым (депозит) сомасын толық қайтару жолымен банк салымы шартының әрекет ету кезеңінде кез келген уақытта салымшымен талап етілуі мүмкін болады. Бұл ретте Банк салымшының талабы түскен сәттен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей салымды (депозитті) немесе оның бөлігін беруге міндетті.
58. Салым (депозит) сомасын (оның бөлігін) қайтарған кезде салым (депозит) бойынша сыйақы банк салымы шартымен белгіленген мөлшерінде және тәртіппен есептеледі және төленеді. Банк салымы шартымен салымшының салым (депозит) бойынша оған тиесілі сыйақыны салым (депозит) сомасынан бөлек алу құқығы көзделуі мүмкін болады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша есептелген сыйақыны төлеу төлеу көздерінде табыс салығын ұстаумен жүргізіледі.
59. Кепілдік өтеу төлемін бастау туралы хабарландыру шыққан күннен бастап 6 (алты) ай ішінде мәжбүрлі жойылған банк-қатысушының Депозиторы (салымшысы) банк-агентке өзіне кепілдік өтеу туралы талаппен жүгінуге құқылы, бұл ретте келесі құжаттар қосымша тапсырылуы тиіс:
- 1) Депозиттерге міндетті кепілдікті жүзеге асыратын ұйым анықтаған форма бойынша кепілдік өтеу төлемі туралы жазбаша өтініш;
 - 2) Банкілік есеп шот және (немесе) банкілік салым және (немесе) салық құжаттары мен оның көшірмелерінің түпнұсқалары және олардың көшірмелері;
 - 3) Депазитордың және депазитор өкілінің (мұрагердің) (депазитор өкілі/мұрагері өтініш білдірген жағдайда) жеке басын растайтын құжат;
 - 4) Мұрагері жүгінген жағдайда оның мұрагерлік құқығын немесе мұра қалдырушының ақшасын пайдалану құқығын растайтын құжат;
 - 5) депазитор өкілі (мұрагер) өтініш білдірген жағдайда – нотаралды расталған сенімхат.

Депозитордың (салымшының) мәжбүрлі жойылған банк-қатысушыға қойған талапқа құқығы расталған жағдайда банк-агент кепілді өтемді депозитор (салымшы) банк-агентке жүгінген күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді.

8-тарау. Жалпы банктік қарыздарды (кредиттерді) ұсыну талаптары және төлеуге қабілетсіз клиенттермен жұмыс істеу

60. Банк жеке тұлғаларды, заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды кредиттеу бойынша операциялар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, Банктің ішкі кредиттік саясатына және Банкте кредиттеу тәртібі мен талаптарын реттейтін өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.
61. Клиенттің кредитті (қарызды) беру туралы өтінімін қараған кезде, Банк клиенттен Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен көзделген құжаттардың пакетін ұсынуды талап етеді. Клиент құжаттар пакетін ұсынбаған немесе дұрыс емес/жарамсыз құжаттарды ұсынған кезде несие (қарыз) беру туралы өтінімді қабылдауда Банк клиентке бас тартуға құқылы. Банктің уәкілетті органы Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары (сараптамалары) негізінде кредит беру туралы шешім қабылдайды немесе кредит беруден бас тартады.
- Бұл ретте Банк жеке тұлғаларға шетелдік валютада ипотекалық қарыз ұсынудан, егер жеке тұлғаның өтініш берген күнге дейінгі соңғы 6 (алты) ай ішінде аталған валютада үздіксіз табысы болмаған жағдайда, бас тартуға құқылы.
62. Бір қарыз алушыға кредиттеу лимиті Банкпен уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес белгіленеді.
63. Банк банк қарыздары (кредиттері) бойынша келесі шекті талаптарды белгілейді:
- 1) ұсынылатын қарыздың минималды сомасы:
 - e) ұлттық валютада – кем дегенде 1 (бір) теңге;
 - f) АҚШ долларында – кем дегенде 1 (бір) АҚШ доллары;
 - g) ЕУРО-да – кем дегенде 1 (бір) еуро;
 - a) ресей рублінде – кем дегенде 1 (бір) ресей рублі;
 - 2) максималды сомасы – уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген пруденциялық нормативтер шегінде, Банктің уәкілетті органымен белгіленген бір қарыз алушыға максималды қауіп-қатер мөлшерінің шекті мәнінен аспайды;
 - 3) минималды мерзім – кем дегенде 1 (бір) күн;
 - 4) кредиттің мақсатты тағайындалуына сүйене отырып қарыздарды (кредиттерді) ұсынудың максималды мерзімі – 20 (жиырма) жылдан аспайды.

64. Қарыздар (кредиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті шамаларын Банк қаржыландыру валютасына қарамастан жылдық 0,1%-дан 42%-ға дейінгі мөлшерде бекітеді. Бұл ретте Банктің Уәкілетті органы қарыздар (кредиттер) бойынша тиянақталған сыйақы мөлшерін нақты кредиттік өнімнің түріне және шарттарына байланысты қарыздар (кредиттер) бойынша бекітілген сыйақы мөлшерлемесі көлемінің шектері аясында бекітеді. Қарыз беру шарты жасалған күнге шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сыйақы мөлшерлемесінің өзгерулері және/немесе банктік қарызды беруге және қызмет көрсетуге қатысты жаңа комиссиялардың және өзге төлемдердің енуі немесе өзгеруі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерден аспауы қажет.
65. Ұсынылатын банк қарызы (кредиті) бойынша сыйақы қарыз алушының қарыз (кредит) сомасын пайдалану күндерінің нақты саны үшін бір жылдағы нақты күндердің есебінен есептеледі. Бұл ретте қарызды (кредитті) беру және өтеу күніне 1 (бір) күн алынады.
66. Банктің қарыз алушымен жасалатын банк қарызы шартында Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиісті түріндегі шарттар үшін белгіленген міндетті талаптары және тараптардың келісімі бойынша белгіленген талаптары бар.
67. Банктің қарыз алушымен банк қарызы шарты қажет болған жағдайда, басқа тілдерге аудармасын қоса беріп, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазбаша, ал шетелдік тұлғалармен шартты жасау – мемлекеттік және тараптар үшін қолайлы тілде түрде жасалады.
68. Банк қарызы шартына
- 1) оның тараптарымен қол қойылған қарызды (кредитті) өтеу кестесі қоса беріледі, онда шартты жасау нөмірі мен күні, қарыз (кредит) сомасы мен валютасы, негізгі борышты, сыйақыны өтеу сомаларын және олардың жиынтық маңызын көрсетіп, кезекті төлемдердің өтеу күндері мен мөлшерлері, келесі өтеу күніне негізгі борыштың қалдығы, сондай-ақ төлеуге жататын негізгі борыш пен сыйақының жалпы қорытынды сомалары және олардың жиынтық маңызы, қарызды (кредитті) өтеу кестесін жасау күні көрсетіледі. Егер қарыз алушы (қосалқы қарыз алушы) жеке тұлға болып табылған жағдайда, қарызды (кредитті) беру күніне жасалған қарызды (кредитті) өтеу кестесінде және де қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) таңдап алынған әдісі туралы белгісімен Банкпен ұсынылған қарызды (кредитті) өтеу әдеістерінің тізбесі бар.
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген үлгі бойынша жасалған, банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаға арналған Банктік мөрімен бекітілген (болған жағдайда) және қарыз алушы-жеке тұлға қол қойған жадынама.
69. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (көлемінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкелетін, қарыз (кредит) шарттары өзгерген

кезде, Банк қарыз алушыға жаңа қарыз өтеу кестесі және жаңа шарттарды ескере отырып, банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаға арналған жадынама жасайды және ұсынады.

70. Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесімен банк қарызы шарты бойынша қарызды (кредитті) өтеу кестесі оны беру күні жасалады және келешекте кезекті төлемдердің мөлшері түзетіледі және банк қарызы шартымен белгіленген тәртіппен қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) мәліметіне жеткізіледі.
71. Осы Ереженің 16, 57 және 58 тармақтарының талаптары бір айдан астам емес мерзімге қарызды (кредитті) беру туралы шартқа, төлем карточкасы бойынша кредиттік желінің шеңберіндегі шартқа, овердрафт кредитке, сондай-ақ оның шеңберінде қарызды (кредитті) ұсыну туралы шартты жасау қажет болған, қарызды (кредитті) алу үшін, кредиттік желіні ашу туралы келісімге таралмайды.
72. Банкпен жасалған банктік қарыз шарттары туралы, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операцияларды жүзеге асыру, вексельдерді есепке алу, кепілдіктер, тапсырмалар, аккредитивтер шығару туралы ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролары және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасымен белгіленген, шарттарда мемлекеттің қатысуымен кредиттік бюроға міндетті ұсынылу керек.
73. Жеке тұлғаларды, заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды кредиттеу Банкпен мынаны қоса алып, Банктің тиісті уәкілетті органдарымен банк қарызын (кредитті) беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдауға әсер ететін бір қатар факторларын, жағдайлары мен талаптарын бағалау қажеттілігін болжамдайды:
 - 1) құқықтық жағдайы және жеке тұлға – клиенттің тұру өңірін, тұрақты және уақытша жұмыс орнының не өзге табыс көздерінің, жылжымайтын мүліктің, басқа банктерді қоса алып, үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелерінің, кредиттік тарихының болуын (жоқтығын); Банкімен қарым-қатынастарында бұрынғы шарттық талаптарды уақтылы орындауды; валюта сомасы мен түрін, пайдалану мерзімдері мен мақсаттарын қоса алып, банк қарызын (кредитті) алуға өтінім параметрлері мен сипаттамаларын; өз міндеттемелерін орындау деңгейін, мүмкін қайтармау не уақтылы емес қайтару тәуекелдерді, сонжай-ақ банк тәжірибесінде қабылданған, банк қарызы шартын жасау үшін басқа маңызды талаптарын;
 - 2) құқықтық мәртебесін және заңды тұлға – клиентті тіркеу орнын, заңды құрылымн және аумақтық-құрылымдық бөлімшелерінің болуын, кем дегенде 6 (алты) ай жұмыс өтілі, соңғы есептік күнге оның қаржылық жағдайын және бизнесті дамыту іске асатын болашақтарын, кредиттік тарихтың болуын және жоқтығын; бизнесті жүргізу және үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерінің (мүлікке ауыртпалық салудың болуын) тиімділігі туралы мәліметтерді; Банк алдындағы бұрынғы шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауды; оның мөлшері мен валюта түрін,

игеру мерзімдерін, мақсатты арналуын қоса алып, банк қарызын (кредитті) алуға өтінім параметрлері мен сипаттамаларын; өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету деңгейін, қарыз қаражатын қайтармау немесе уақтылы емес қайтару ілесіп жүру тәуекелдерінің көлемдерін;

- 3) заңды тұлғаны құрмай өз кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға – клиенттің тіркеу орнын, кем дегенде 6 (алты) ай жұмыс өтілі, оның соңғы есептік күнге қаржылық жағдайын және бизнесті дамыту іске асатын болашақтарын, кредиттік тарихтың болуын немесе жоқтығын; бизнесті жүргізу тиімділігі туралы мәліметтерін және үшінші тұлғалардың міндеттемелерін (мүліктің ауыртпалығының болуын); Банк алдындағы бұрынғы шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауды; оның мөлшері мен валюта түрін, игеру мерзімдерін, мақсатты арналуын қоса алып, банк қарызын (кредитті) алуға өтінім параметрлері мен сипаттамаларын; өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету деңгейін, қарыз қаражатын қайтармау немесе уақтылы емес қайтару ілесіп жүру тәуекелдерінің көлемдерін;
- 4) банк қарызы (кредиті) бойынша сыйақы мөлшері, қарыз алушының міндеттемелерін орындауды болжалды қамтамасыз ету тәсілінің жеткіліктігі, банк қарызын (кредитті) қолайлы өтеу мерзімдері туралы мәліметтерді, сондай-ақ қаралатын кредиттік өнім ерешеліктеріне және берілетін банк қарызы (кредиті) бойынша қайтармау тәуекелін төмендету бойынша шараларға қатысты өзге ақпаратты.

74. Банк қарызы шарттарында, соның ішінде жеке тұлғалармен жасалатын ипотекалық қарыздары шарттарында Банкпен сыйақының тиянақталған не құбылмалы мөлшерлемесі белгіленеді және банк қарызы шартын жасау күні Банкпен ұсынылған қарыз алушының таңдауы бойынша қарызды (кредитті) өтеу әдісі көрсетіледі.
75. Банк банк қарызы шартында қарызды (кредитті) берумен байланысты өндіріп алуға жататын, комиссиялардың тізбегін және олардың мөлшерлерін міндетті түрде көрсетеді және жасалған банк қарызы шартының шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін бір жақты тәртіпте енгізбейді. Банк банк қарызы шартын жасау күніне белгіленген тарифтердің, комиссиялық сыйақылардың және қарызға (кредитке) қызмет көрсету бойынша басқа шығыстардың мөлшерлерін бір жақты тәртіпте көбейтпейді және олардың есебін айыру тәртібін өзгертпейді.
76. Егер қарызды (кредитті) ұсыну туралы талаптармен сақтандыру шарттарын жасау туралы және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсаттарында бағалауды жүргізуге талаптары көзделген жағдайда, қарыз алушыға/кепіл берушіге сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдау құқығы ұсынылады.
77. Банк қарызы шартына қызмет көрсету кезеңінде Банк қарыз алушының немесе кепіл берушінің сұрауы бойынша («Банктер және банк қызметі туралы» Заңмен көзделген банк құпиясын жария ету талаптарын сақтап) сұрауды алған күннен

бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған мыналар туралы мәліметтерді жазбаша түрде ұсынады:

- 1) Банкке төленген ақшаның сомасы туралы;
- 2) мерзімі өткен берешектің (болған кезде) мөлшері туралы;
- 3) борыштың қалдығы туралы;
- 4) кезекті төлемдердің мөлшерлері мен мерзімдері туралы;
- 5) кредиттеу лимиті (болған кезде) туралы.

78. Егер банк қарызы шартымен көзделген жағдайда, Банк мерзімді негізінде осы Ереженің 65 тармағымен көзделген мәліметтерді клиентке банк қарызы шартымен көзделген тәсілмен ұсынады.
79. Осы ереженің 65 тармақта көзделген мәліметтер негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық төлемнің және айыппұл санкцияларының өзге түрлерінің сомаларын, сондай-ақ басқа төлеуге жататын сомаларды көрсетіп ұсынылады.
80. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру басталған жағдайда, Банк банктік қарыз шартында көрсетілген мерзімдерде және тәсілмен міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру басталған күннен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей қарыз алушыға банктік қарыз шарты бойынша төлем енгізу қажеттілігі туралы және қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабарлайды. Банктік қарыз шартында шарт бойынша кезекті төлемдердің күні туралы хабарлау мерзімдері мен тәсілдері көрсетіледі. Хабарламада көрсетілген талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, Банк «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңның 36-бабында анықталған шараларды қолдануға, соның ішінде банктік қарыз шартын орындау шарттарын өзгертуге құқылы.
81. Банк қарызы шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы ескертуде банк қарызы шарты бойынша берешектің мөлшері туралы (негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық төлемнің және айыппұл санкцияларының өзге түрлерінің сомаларын көрсетіп) клиентке арналған қысқаша ақпараты бар.
82. Клиентке, сондай-ақ кепіл берушіге, кепілгерге, кепілшіге және қарызды (кредитті) қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын, өзге тұлғаға банк қарызы шартына қызмет көрсетумен байланысты, ескертулерді табыстау және еске салуды жүзеге асыру (телефон бойынша қоңырау шалу) рұқсат етілмейді.
83. Егер банк қарызы шартымен Банктің үшінші тұлғаға банк қарызы шарты бойынша құқықты (талапты) тапсыру құқығы көзделген жағдайда, Банк құқықты (талапты) тапсырғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде тапсырылған құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ мерзімі өткен және ағымдағы негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар сомаларының және басқа төлеуге жататын және қарызды (кредитті) өтеу бойынша бұдан әрі

төлемдерді тағайындау сомаларының қалдықтарын көрсетіп, бұл туралы борышкерді (оның уәкілетті өкілін) жазбаша ескертеді.

- 83-1. Жеке тұлға болып табылатын қарыз алушының берешегінің өсуін болдырмау мақсатында, Банк ипотекалық тұрғын үй қарыз шарты бойынша негізгі қарыз және (немесе) сыйақы сомасы бойынша кез келген төлемдерді өтеу бойынша міндеттемесін орындау мерзімі кешіктірілген үздіксіз 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімақылар) төлеуін талап етуге құқылы емес.

9-тарау. Жалпы басқа банк операцияларын жүргізу талаптары

84. Нақты банк операциясын Банкпен жүргізу талаптары Банктің ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін банк қызметтерін ұсыну шарттарымен белгіленеді.

§ 1. Жалпы кассалық операцияларды жүргізу талаптары

85. Клиенттерге кассалық қызмет көрсету (қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беруі) Банкпен Банкпен клиенттермен жасалатын тиісті банк шотының негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжатына және Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады.
86. Кассалық жұмысты ұйымдастыру, клиенттерге кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді орындау, сондай-ақ қолма-қол ақшаны өңдеу үшін Банкте операциялық касса қызмет етеді.
87. Қолма-қол ақшаны қабылдау/беру кіріс/шығыс кассалық құжаттардың негізінде жүзеге асырылады; кассалық құжаттарды рәсімдеу тәртібі мен нысандары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптарының есебімен белгіленеді.
88. Банктің кассалық операциялар бойынша қызметтері үшін комиссиялық сыйақысы клиенттердің ағымдағы шоттарынан акцептсіз тәртіппен шығынға жазылады не Банкпен белгіленген тарифтерге келісімді, клиенттермен банк шоты шартының талаптарына сәйкес қолма-қол ақшамен төленеді.

§ 2. Шетелдік валютамен айырбастау операциялары

89. Банк клиенттің банк шоттарындағы валютаны бір валютаға айырбастау және айырбасталған валютаны клиенттің банк шотына басқа валютада есепке қосу жолымен Банктің айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетелдік валютамен және қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен айырбастау операцияларды жүзеге асырады.

90. Қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу және/немесе сату Банкпен операцияларды жасау күніне белгіленген бағамы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
91. Қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу және/немесе сату Банкпен Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген, тәртіпте және құжаттар болған кезде жүзеге асырылады.

§ 3. Банкаралық клиринг және төлем карточкалармен операциялар

92. Банк банкаралық клирингі, төлем карточкаларды (теңгедегі және шетелдік валютадағы халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкалары) шығаруды және оларға қызмет көрсетуді, соның ішінде мыналарды жүзеге асырады:
- 1) клиенттің меншік ақшалай қаражатының шегінде және/немесе Банкпен белгіленген жаңартылатын кредиттік лимиттің шегінде шығыс операцияларды көздейтін дебеттік төлем карточкаларды;
 - 2) клиенттің белгіленген кредиттік лимиттің шегінде қарыз қаражатын пайдалануды көздейтін кредиттік төлем карточкаларын;
 - 3) заңды тұлға – клиенттің және Банктің қызметкерлері олардың ұстаушылары болып шығатын корпоративтік төлем карточкаларын.

Банкпен төлем карточкаларды пайдаланып, ағымдағы шотқа заңды тұлға – клиенттердің жалақысын/өзге төлемдерді есепке қосу бойынша қызметтер ұсынылады.

93. Банк бір клиент үшін төлем карточкаларының бірнеше түрін шығаруды жүзеге асыруы мүмкін. Жеке тұлға – клиенттің өтініші бойынша Банк олар бойынша ақша шығысының лимитін белгілеумен не белгілеусіз сенім білдірілген жеке тұлғалардың атына негізгі карточкаға қосымша төлем карточкаларды шығаруды жүзеге асыруы мүмкін.

§ 4. Төлемдер мен аударымдар

94. Ақша төлемі мен аударымы банк шоттарын пайдаланумен, солай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген шектеулердің есебімен, банк шотын ашусыз заңды және жеке тұлғалармен жүзеге асырылуы мүмкін болады. Заңды тұлғалар салықтарды және басқа бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу бойынша, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдер мен аударымдарды ғана банк шотын ашусыз жүзеге асыруға құқылы.
95. Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес міндетті валюталық бақылау рәсімін жүзеге асырады. Барлық шетелдік валютадағы ақша төлемі мен аударымы, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының

резиденті мен бирезидентінің арасында жүзеге асырылатын, теңгедегі клиенттік банк шотын ашусыз ақша төлемі мен аударымы Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

96. Халықаралық ақша төлемі мен аударымы Банкпен халықаралық банк тәжірибесінде қолданылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарында, тәсілдерімен және тәртіппен жүзеге асырылады.

§ 5. Сейфтік операциялар

97. Банк сейфтік операцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

98. Банк клиенттің пайдалануына олардың ішінде бағалы заттарды сақтау үшін сейфтік жәшіктерді ұсынады. Клиенттердің бағалы заттарын сейфтік ұяшықта сақтау Банк пен клиенттің арасында дара банк сейфін (ұяшығын) жалға беру шартын жасасқаннан кейін сейфтік депозитарийде жүзеге асырылады.

99. Банк клиенттерге оған сейфтік жәшікте сақтауда тұрған, мүліктің болуы, иесі, сипаты мен құны туралы мәліметтер кіретін, банк құпиясын сақтауға кепілдік береді.

100. Дара банк сейфін (жәшікті) жалға беру шарты клиент дара банк сейфін (жәшікті) жалға беру шартын жасау үшін қажетті, құжаттардың пакетін ұсынған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Банкпен Клиентке сәйкестендіру жүргізуден кейін жасалады.

101. Клиент бағалы заттарды сейфтік жәшікте сақтаған кезде, Банк клиентке атаулы сақтандыру құжаттарды бермейді. Сейфтік жәшікте сақталатын бағалы заттар тізімдеп жазылмайды, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, алдын ала және кейінгі тексеруді не бағалы заттардың сараптама бағалауын жүзеге асырмайды.

102. Сейфтік жәшік 12 (он екі) айға дейін мерзімге кез келген күн санына не жалға беру шартты жасау күніне қолданылатын Банк тарифтеріне сәйкес белгілі ай санына пайдалануға ұсынылады. Сейфтік жәшікті пайдалану мерзімі дара банк сейфін (жәшігін) жалға беру шартында көрсетілген күннен бастап басталады.

103. Банктің сейфтік жәшігінде мыналарды сақтауға тыйым салынады:

- 1) жарылғыш және жеңіл тұтанатын заттарды;
- 2) оқ ататын, газ және суық қаруды;
- 3) химиялық және есірткі заттарды;
- 4) радиобелсенді, токсинды және басқа уландырғыш заттарды.

104. Клиент дара банк сейфін (жәшігін) жалға беру шартына қосыша келісімге қол қойып, сейфтік жәшікті пайдалану мерзімін ұзартуға құқылы.
105. Банк клиентке келесі жағдайларда жалға беру шартын жасаудан бас тартуға құқылы:
- 1) құжаттар болмаған/клиент оларды ұсынбаған не дәйексіз/заңсыз құжаттарды ұсынған кезде;
 - 2) клиентке қатысты, Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес алынған террористтік қызметте қатысуы және/немесе терроризмді қаржыландыруы туралы мәліметтер болған;
 - 3) Банктің пікірі бойынша олар клиенттің тарапынан міндеттемелерді орындауға әсер етуі мүмкін басқа жағдайларда.

§ 6. Құжаттандырылған операциялар және сауданы қаржыландыру

106. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, халықаралық тәжірибе стандарттарына және ішкі құжаттарға сәйкес мыналар бойынша операцияларды жүзеге асырады:
- 1) банк кепілдіктерін шығару (авансты қайтару кепілдігі, төлем кепілдігі, міндеттемелерді тиісті орындау кепілдігі, тендерлік кепілдік, кредитті қайтаруға кепілдік, резервтік аккредитив (Stand by);
 - 2) контрагенттер міндеттемелеріне кепілдікті шығару;
 - 3) контрагенттердің тапсырмасы бойынша рамбурстық міндеттемелерді шығару;
 - 4) аккредитивтерді шығару, растау және орындау;
 - 5) үшінші тұлғалар үшін банктік кепілгерлікті және өзге міндеттемелерді беру;
 - 6) импорттық/экспорттық аккредитивтерге, импорттық/ экспорттық кепілдіктерге, импорт бойынша құжаттандырылған инкассоға қызмет көрсету.
107. Банк Банк клиенттерінің сыртқы экономикалық операцияларын сауда және құрылымдық қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатанды халықаралық қаржы институттарымен және ұйымдарымен, сараптама-сақтандыру агенттіктерімен және даму институттарымен өзара әрекеттерін жүзеге асырады.

10-тарау. Банкпен қабылдап алынатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

108. Банкпен қабылдап алынатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, кепіл саясатымен және Банктің өзге ішкі құжаттарымен белгіленеді.

109. қарыздардың (кредиттердің) қайтарымдылығы, сондай-ақ кредиттік тәуекелге ұшырайтын өзге де мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау тұрақсыздық төлеммен, кепілмен, соның ішінде кепілзат ретінде қабылдап алынатын және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын ақшаның кепілімен, кепілдікпен, кепілгерлікпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе банк қарызы шартымен көзделген басқа тәсілдермен қамтамасыз етілуі мүмкін.
110. Банк кепілзат ретінде қабылданатын және тиісті бухгалтерлік есеп шотында орналастырылатын ақша сомасына сыйақы есептеу туралы шешім қабылдануы мүмкін. Бұл ретте Банктің уәкілетті органы кредиттік қауіп-қатер көтеретін қарыздар (кредиттер)/өзге мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге кепілзат ретінде қабылданатын және тиісті бухгалтерлік есеп шотында орналастырылатын, ақша сомасына жылдық 0%-дан 25%-ға дейінгі көлемде ақша сомасына сыйақы көлемдерінің шекті шараларын белгілейді.
111. Кепіл мәні Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 301 бабының талаптарына беруге тиіс, яғни кез келген мүлік, оның ішінде айналымнан алынған заттарды (осы Кодекстің 116-бабының 2-тармағы), кредитордың жеке басымен тығыз байланысты талаптарды, атап айтқанда алименттер, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды және оларды басқа тұлғаға беруге заңнамалық актілермен тыйым салынған өзге де құқықтарды қоспағанда, заттар және мүліктік құқықтар (талаптар) кепіл мәні болуы мүмкін.
112. Кепіл құқығы келешекте кепілге берушінің меншігіне немесе шаруашылық жүргізуіне түсетін мүлікке Банк пен кепіл берушінің арасында жасалған кепіл шартына сәйкес қолданылуы мүмкін. Кепіл мәні болып табылатын затқа кепіл құқығы, егер шартпен немесе заң актілерімен өзгесі көзделмесе, оның керек-жарақтары және бөлінбейтін жемісіне қатысты болады. Шартпен немесе заң актілерімен көзделген жағдайларда кепіл құқығы кепілге салынған мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған бөлінетін жемісіне, өнімге және кірістерге, сонымен қатар кейін салып алынған активтерге және алмастырылған активтерге қатысты болуы мүмкін.
113. Қамтамсыз етуге (кепіл мәндеріне) қойылатын міндетті талаптар
- 1) кепіл мәнінің Қазақстан Республикасының аумағының шегінде болуы (ерекше жағдайларда – оны қанда да бір заңды немесе өзге кедергілерсіз сату мүмкіндігінің кепілдігі болған кезде, Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша – Қазақстан Республикасының шегінен тыс);
 - 2) Банктің басқа ішкі құжаттарымен өзге көзделмесе, нарықтық бағасын белгілеуді, кепілдік құнын белгілеуді және мүлікке кепіл құқығын (мүліктік құқығын) тіркеуді жүргізу үшін қажет, ұсынылатын кепіл мәніне ие болу/меншік құқығын растайтын құжаттардың міндетті болуы;
 - 3) кепіл мәні бағалардың жеткілікті тұрақтылығымен қамтамасыз етілетін өтімділігіне және қамтамасыз ету ретінде қабылданатын кепіл мәндеріне құралған нарық жағдаятына ие болуға тиіс;

- 4) мүлік және кепілге ұсынылатын мүліктік құқығы үшінші тұлғалардың ауыртпалығы мен талаптарынан бос болуы тиіс. Белгілі жағдайларда Банктің уәкілетті органының оң шешімі кезде, қамтамасыз ету ретінде ол үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілде әлдеқашан тұрған және екінші кезектегі кепіл түрінде қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын қамтамасыз ету қаралуы мүмкін;
 - 5) кепіл беруші (қарыз алушы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепіл мәні болып табылатын мүлікке сақтандыру жүргізеді, жеке жағдайларда кепіл мүлікті сақтандыру, соның ішінде кепіл мүліктің сақтандырылуының күшін жою Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады;
 - 6) кепіл берушінің кепіл мәніне қатысты, салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы (растайтын ақпарат болған жағдайда);
 - 7) кепілдік қамтамасыз етудің сақтандығын қамтамасыз ету кепіл берушімен жүзеге асырылады, бұл ретте, қажет болған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және кепіл (кепілзат) шарты туралы ережелерге сәйкес кепілдік қамтамасыз етуді қорғауды жүзеге асырады;
 - 8) қамқорлық және қорғаншылық органының кепілге белгіленген нысанындағы келісімінің болуы (егер кәмелет жасқа толмаған тұлға және сотпен әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі тұлғалар кепілге тапсырылатын мүліктің меншік иесі немесе қосалқы меншік иесі болып табылған жағдайда);
 - 9) жұбайларының (және) жеке тұлға – кепіл берушінің мүлікті кепілге тапсыруға және оны соттан тыс/сотпен сатуға белгіленген нысандағы келісімінің болуы (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда);
 - 10) барлық кәмелетке толған меншік иелерінің мүлікті кепілге тапсыруға және оны соттан тыс/сотпен сатуға келісімін растайтын, белгіленген нысандағы келісімінің болуы;
 - 11) кепілге салынатын мүлікте мемлекеттік үлес болған кезде, уәкілетті мемлекеттік органның мүлікті кепілге тапсыруға және оны соттан тыс сатуға келісімі;
 - 12) егер кепіл беруші заңды тұлға болып табылса, заңды тұлғаның уәкілетті органының кепілге және соттан тыс/сотпен сатуға келісімі болған жағдайда;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген өзге талаптар.
114. Клиенттің жоғары кредит қабілеттілігі мен сенімділігі талаптары кезінде Банк қамтамасыз етусіз кредитті (бланктік кредитті) ұсыну туралы шешім қабылдауға құқылы. Қамтамасыз етусіз кредиттің (бланктік кредиттің) талаптары уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

115. Егер қарыздың (кредиттің) қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін бірнеше кепіл мәні ұсынылса, онда қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін тиісті орындаған жағдайда және қарыз алушы, кепіл беруші кепіл қамтамасыз етуді азайту туралы талаптармен жүгіну сәтіне бағалаушымен белгіленген, кепіл мәнінің нарықтық құны Банктің кепіл саясатының есебімен қарыз алушының міндеттемелерінің орындалмаған бөлігінің сомасын артқан кездегі талаптар кезінде, Банк қарыз алушы, кепіл беруші жүгінген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарыз алушының міндеттемелерінің мөлшерін артатын бөлігінде бір немесе бірнеше кепіл мәндерінің кепілі туралы шартты (шарттарды) бұзу (өзгерту) бойынша шаралар қолдануға міндетті.
116. кепіл туралы шарт қажет болған жағдайларда басқа тілдерге аударманы қоса беріп, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазбаша түрде жасалады. Кепіл туралы шартта кепіл мәні және оның бағасы, маңызы, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттемелерді орындау мөлшері мен мерзімдері көрсетіледі. Онда және де тараптардың қайсында кепілге салынған мүлік тұрғанына және оны пайдалануының іске жататындығына нұсқауы бар. Тараптардың келісімі бойынша кепіл мәні болып табылатын, жылжымалы мүлік және (немесе) жылжымалы мүліктің жекелеген санаттары (соның ішінде машина жабдығы және материалдық айналым қаражаттарының қорлары) кепілді қамтамасыз етудің нақты сипаттамасын талап етпей кепіл мәнінің жалпы сипаттамасына ие болуы мүмкін.
117. Кепіл мәнін бағалау теңгеде көрсетіледі және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге белгіленбесе, тараптардың келісімімен белгіленуі мүмкін. Міндеттемені шетелдік валютада қамтамасыз ететін кепіл мәнін бағалау теңгеде және кепіл туралы шартты жасау күніне валютаны нарықтық айырбастау бағамы бойынша міндеттеме валюсанда көрсетіледі.
118. Банк кепіл берушімен жасалатын кепіл туралы шарттарда міндетті түрде ҚР қолданыстағы заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес белгіленетін, кепілді қамтамасыз ету мәнінің нарықтық және кепілді бағасын көрсетеді.
119. Кепіл туралы шартпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда, Банк сауды-сатықты (аукционды) жүргізу жолымен мәжбүрлі соттан тыс тәртіппен кепілде тұрған мүлікті өз бетімен сатуға құқылы.

11-тарау. Банк операцияларын жүргізуге мөлшерлемелер мен тарифтер

120. Сыйақы мөлшерлемелері мен комиссиялар, сондай-ақ банк қызметтерін көрсету үшін тарифтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген құнына қосылған салықты және өзге шектеулерді есепке ала отырып, өз бетімен Банкпен белгіленеді.
121. Жекелеген банк операциялары мен қызметтерінің белгіленген түрлері бойынша тарифтердің көлемдері осы Ережелерге 1,2 Қосымшаларда көзделген.

122. Комиссияларды төлеу тәртібі банк қызметтерін ұсынуға шарттармен белгіленеді.
123. Банк міндетті түрде клиенттермен жасалатын салымдарды қабылдау бойынша қызмет ұсыну, банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру туралы шарттарда, сонымен қатар аталған қызметтер бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты таратқан кезде, соның ішінде оны жариялаған кезде сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде міндетті көрсетеді. Есептеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен Банктің клиентпен жасалатын банк қызметтері шартында, қарыздар мен салымдар бойынша сыйақы мөлшерлері, соның ішінде оны жариялау туралы ақпаратты таратқан кезде белгіленеді.
124. Банк клиенттеріне тарифтердің келесі түрлері белгіленуі мүмкін болады:
- 1) базалық тарифтер – банктік қызмет көрсетуге стандарттық тарифтер;
 - 2) жеңілдікті тарифтер – базалық тарифтен төмен тариф мөлшерлемелері белгіленген банкілік қызмет көрсету тарифтері;
 - 3) дара тарифтер – базалық және жеңілдік тарифтерден мөлшерлемелері бойынша айырықша, банктік қызмет көрсетуге тарифтер.
125. Базалық, жеңілдік және дара тарифтердің, сонымен қатар жеңілдік тарифтерді қолдану критерийлерінің мөлшерлемелері Банктің Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітіледі. Базалық, жеңілдік және дара тарифтердің, сонымен қатар жеңілдік тарифтерді қолдану критерийлерінің мөлшерлемелерін Банктің өзге уәкілетті органымен бекітуге рұқсат етілмейді.
126. Клиентке қандай да бір банк операциясы бойынша жеңілдік тарифін қолдану критерийлері барлық банк операциялары бойынша клиентке қызмет көрсетуден алынған Банк табысы немесе Банк белгілі бір кезең ішінде клиентке қызмет көрсетуден алуды жоспарлайтын табыс көлемі және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген, жеңілдік тарифтері бойынша өзге критерийлер болып табылады.
127. Клиентке банк операциялары бойынша жеңілдікті тариф қолдану мүмкіндігі туралы шешімді Банктің тиісті уәкілетті органы қолданыстағы тарифтер мөлшерлемесі бойынша тиісті бизнес желі аясында және Банктің Директорлар кеңесі бекіткен жеңілдікті тарифтерді қолдану критерийлеріне сәйкес қабылдайды.
- Клиентке жеңілдік тарифті қолдану және/немесе дара тарифті орнату туралы шешім қабылдау рәсімі Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
128. Базалық тарифтердің мөлшерлемелері Банктің уәкілетті органының қосымша шешімінсіз, Банк клиенттеріне Банктің Директорлар Кеңесімен бекітілген мөлшерлемелерге сәйкес қолданылады.

§ 1. Салымдар (депозиттер) бойынша мөлшерлемелер мен тарифтер

129. Банк салым (депозит) бойынша максималды көлемін артпайтын, тиісті құжаттармен көзделген, барлық банктер орындау үшін міндетті сипаты бар не Банкпен Қазақстан Республикасының депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы ретінде есепке алынатын (орындалатын) мөлшерінде сыйақы мөлшерлемесін белгілеуге құқылы. Жеке және заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақы мөлшерлемесі салым (депозит) түріне және валютасына, сыйақы төлеу мерзімділігіне, салым (депозит) орналастыру мерзіміне және Банк үшін маңызды мәні бар басқа талаптарға тәуелді белгіленеді.
130. Банктің уәкілетті органы салымдар (депозиттер) бойынша тиянақталған сыйақы мөлшерлемесін, салым (депозит) валютасына қарамастан, Банк бекіткен салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемесі мөлшерлерінің шегінде орнатады.
131. Банк салымшыға Банк пен клиенттің арасында жасалған банк салымы шартымен белгіленген мөлшерінде салым (депозит) сомасына сыйақы төлейді. Банк банк салымы шартымен көзделген, салым (депозит) мерзімін ұзарту жағдайларын қоспағанда, жинақ шотта орналасқан салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы мөлшерін бір жақты тәртіпте өзгертуге құқылы емес.
132. Салым (депозит) бойынша сыйақы мөлшері қосымша келісімді жасамай банк салымы шартының талаптарына сәйкес банк салымын (депозитті) орналастыру мерзімін созған (ұзартқан) кезде, ол азаю жағына өзгерген жағдайда, Банк салымды орналастыру мерзімі аяқталуына дейін және банк салымы шартымен көзделген мерзімдерде сыйақы мөлшерінің азаюы туралы салымшыны ескертеді.

§ 2. Қарыздар (кредиттер) бойынша мөлшерлемелер мен тарифтер

133. Жеке тұлғалармен жасалатын банк қарызы шарты бойынша сыйақының тиянақталған мөлшерлемесі Банкпен бір жақты өзгертуге жатпайды. тараптардың келісімі бойынша сыйақының тиянақталған мөлшерлемесі банк қарызы шартының әрекет ету мерзімінің ішінде азаю жағына не сыйақының құбылмалы мөлшерлемесіне өзгертілуі мүмкін болады. Тараптардың келісімі бойынша сыйақының тиянақталған мөлшерлемесі банк қарызы шартымен белгіленген оның әрекет ету мерзімі аяқталу бойынша, бірақ банк қарызы шартын жасаған күннен бастап 3 (үш) жылдан ерте емес көбею жағына өзгертілуі мүмкін болады. Сыйақының тиянақталған мөлшерлемесін көбею жағына әр кейінгі өзгерту тиянақталған мөлшерлеменің әрекет ету мерзімі аяқталу бойынша, бірақ сыйақының тиянақталған мөлшерлемесін алдыңғы өзгерту күнінен бастап 3 (үш) жылдан ерте емес тараптардың келісімі бойынша мүмкін.
134. Банк қарызы шарты бойынша құбылмалы мөлшерлеменің мөлшері базалық көрсеткіштің сомасы және Банк маржасы ретінде есептеледі. Базалық көрсеткіш үшін, бірлестірілген қарыздар ұсынған кезде - Libor, Euribor,

Kazprime қоса алып, бірақ олармен шектелмей қабылдануы мүмкін. Банктің маржасы Банктің мәмілені, қарыз алушының тәуекелін, мәміле бойынша салық және басқа шығыстарды рәсімдеуге операциялық шығыстардан шыға отырып, бірақ жылдық 1% төмен болуы мүмкін емес есептеледі.

135. Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен кредит бойынша тиімді мөлшерлемені есептеген кезде Банктің пайдасына төленетін, қарызды (кредитті) алумен байланысты барлық комиссиялар міндетті тәртіпте есепке алынады. Құбылмалы мөлшерлеменің есебін айыру тәрібі, клиентке оның өзгеруі туралы ақпаратты жеткізу тәсілі, сондай-ақ өзге қажетті талаптары банк қарызы шартының тиісті талаптарында бекітіледі.
136. Банк қарызды (кредитті) алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды (кредитерді) мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық төлемді және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алмайды.
137. Банк мына жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалармен банк қарызы шартын жасау күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін көбею жағына бір жақты тәртіпте өзгертпейді:
- 1) қарыз алушы банк қарызы шартымен көзделген жағдайларда, қарызды (кредитті) алумен және оған қызмет көрсетумен байланысты дәйекті ақпаратты ұсыну бойынша өз міндеттемелерін бұзған;
 - 2) Банкте Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген жағдайларда, сондай-ақ банк қарызы шартымен көзделген келесі жағдайларда міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындаған:
 - а) Банкті алдын ала жазбаша ескертусіз, акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестіктің) акцияларының (қатысу үлестерінің) жиынтығында 10 (он) және астам пайызына ие, қарыз алушының қатысушыларының (акционерлерінің) құрамын өзгерткен;
 - б) қарыз алушы және (немесе) кепіл беруші кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің құқығын бұзған, кепілге салынған мүліктің құжаттар бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және сақтау талаптарын тексеру, сондай-ақ үшінші тұлғалар қарыз алушының (кепіл берушінің) мүлкіне, соның ішінде Банкке кепілге салынған мүлікке талаптарды ұсынған.
138. жеке тұлғамен жасалған банк қарызы шарты, соның ішінде ипотекалық қарыз шарты бойынша қарыз (кредит) сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемнің (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әр күн үшін мерзімі өткен төлем сомасынан 0,5 пайызды, бірақ банк қарызы шартының әр әрекет ету жылы үшін берілген қарыз (кредит) сомасынан 10 (он) пайыздан астам емес артуы мүмкін емес.

§3. Қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, ағымдағы

**шоттағы ақшаның қалдығына немесе кепілзат мәні болып табылатын
ақшаның сомасына сыйақы мөлшерлемелері**

139. Ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына сыйақы мөлшері ағымдағы шоттағы ақша қалдығының сомасына, ағымдағы шоттың валютасына және сыйақы мөлшерін белгілеу үшін маңызды мәні бар, басқа талаптардан тәуелді белгіленеді.
140. Қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына сыйақы мөлшері Банктің тиісті уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленеді.
141. Банк қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына немесе кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына ағымдағы шоттың/бухгалтерлік есептің тиісті шотының валютасынан тәуелсіз сыйақының тиянақталған мөлшерін белгілейді.
142. Банк ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына Банк пен клиенттің арасында жасалған, банк шоты шартымен не оған қосымша келісімде белгіленген мөлшерінде және тәртіппен сыйақы төлейді.
143. Банк қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын (орналастырылған) өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына сыйақы банктің тиісті уәкілетті органымен белгіленген мөлшерінде және Банк пен кепіл берушінің (кепілзат берушінің) арасында жасалған кепіл (кепілзат) шартымен белгіленген тәртіппен төленеді.
144. Банк қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына немесе кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына есептеу және төлеу үшін белгіленген сыйақының мөлшерін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және тиісті шарттың (оған қосымша келісімнің) талаптарымен өзге көзделмесе, бір жақты тәртіпте өзгертуге құқылы емес.
145. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына немесе кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына есептелген сыйақыны төлеу төлеу көзінде табыс салықты ұстаумен жүргізіледі.
146. Банктің Директорлар Кеңесімен бекітілген ағымдағы шот бойынша сыйақы мөлшерлемелері Банктің клиенттеріне Банктің тиісті өнімінің шеңберінде

белгіленген, Банктің Уәкілетті органының тиісті шешімі болған кезде ғана немесе Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша қолданылуы мүмкін болады.

147. Банктің Директорлар Кеңесімен бекітілген қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын (орналастырылған) өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына сыйақы мөлшерлері Банктің Уәкілетті органының, Банктің тиісті өнімінің шеңберінде белгіленген, Банктің уәкілетті тұлғаларының тиісті шешімі болған кезде ғана, қолданылуы мүмкін болады.
148. Банк филиалдары қарыздар (кредиттер)/ кредиттік тәуекелге ұшыраған және бухгалтерлік есептің тиісті шотында орналастырылатын (орналастырылған) өзге мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданған, ағымдағы шот бойынша/кепілзат мәні болып табылатын ақшаның сомасына сыйақы мөлшерін қолдану туралы шешімді өз бетімен қабылдауға құқылы емес.

12-тарау. Банк қызметтерін ұсыну туралы шешімді шекті қабылдау мерзімдері

149. Банк банк өнімінің түріне тәуелді банк қызметтерін ұсыну туралы шешімді келесі шекті қабылдау мерзімдері белгіленді:

1) кредиттеу:

- a) корпоративтік клиенттерді – клиент өтінішті ұсынған күннен бастап Банктің уәкілетті органы қарызды (кредитті) ұсыну туралы шешімді қабылдау күніне дейін 95 (тоқсан бес) жұмыс күннен астам емес;
- b) шағын бизнесті – клиент өтініш пен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап және Банктің уәкілетті органы қарызды (кредитті) ұсыну туралы шешімді қабылдау күніне дейін 90 (тоқсан) жұмыс күннен астам емес;
- c) жеке тұлғаларды – клиент өтініш пен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап және Банктің уәкілетті органы қарызды (кредитті) ұсыну туралы шешімді қабылдау күніне дейін 45 (қырық бес) жұмыс күннен астам емес.

Банк банк қарызы (кредиті) бойынша шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі мерзімде клиентті беру туралы бас тарту себептерін көрсетіп, банк қарызын (кредитті) беруден бас тарту туралы клиентті хабарландырады.

2) салымдары (депозиттері):

- a) заңды тұлғалардың – клиент өтініш пен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен астам емес;
- b) дара кәсіпкерлердің - клиент өтініш пен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен астам емес;
- c) жеке тұлғалардың – клиент өтініш пен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен астам емес;

- 3) құжаттандырылған операциялар және сауданы қаржыландыру:
 - a) банк кепілдіктерін шығару - клиент кепілдікті шығаруға өтініш пен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап және Банктің уәкілетті органы банк кепілдіктерін шығару туралы шешімді қабылдау күніне дейін 95 (тоқсан бес) жұмыс күнінен астам емес;
 - b) құжаттандырылған аккредитивтерді шығару - клиент өтінішті және шығаруға құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап Банктің уәкілетті органы аккредитивті шығару туралы шешімді қабылдау күніне дейін жабылмаған аккредитив бойынша 20 (жиырма) жұмыс күнінен астам емес, жабылған аккредитивтер бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен астам емес;
 - c) қаржыландыру ұйымы - клиент өтініш мен құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап Банктің уәкілетті органы қаржыландыруды тарту туралы шешімді қабылдау күніне дейін 125 (жүз жиырма бес) жұмыс күнінен астам емес;
 - 4) клиенттің (жеке және/немесе заңды тұлғаның) ағымдағы шотын ашу клиент пен Банктің арасындағы ағымдағы банктік шотының шарты жасалған күні өтініш пен қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін клиентті тиісті түрде тексерудің оң нәтижелеріне сәйкес жүзеге асырылады;
 - 5) төлемдер мен аударымдар – нұсқау акцепті (төлем тапсырма/төлем талап нысанында) не оны акцепттеуден бас тарту «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38 бабымен және Қазақстан Республикасының Салық кодексімен көзделген жағдайларды қоспағанда, нұсқауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жасалуы тиіс болады;
 - 6) сейфтік қызметтер клиентке клиент дара банктік сейфін (ұяшығын) жалға беру шартын жасау күні өтініш пен қажетті құжаттар пакетін ұсынғаннан кейін клиентті тиісті түрде тексерудің оң нәтижелеріне сәйкес ұсынылады;
 - 7) ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына сыйақыны белгілеу – клиент өтінішті ұсынған күннен бастап және Банктің Клиенттік комитеті ағымдағы шоттағы ақшаның қалдығына сыйақы есептеу және төлеу туралы шешімді Банктің уәкілетті органы қабылдау күніне дейін 95 (тоқсан бес) жұмыс күнінен астам емес.
150. Банк өнімінің түріне тәуелді электронлы банк қызметтерін ұсыну туралы шешімді шекті қабылдау мерзімдері 15 (он бес) күнтізбелік күннен астам құрамайды.
151. Төлем карточкаларды шығару бойынша қызметті ұсыну туралы өтінішті қарау/шешім қабылдау мерзімі Банктің ішкі құжаттарымен көзделген құжаттардың толық пакетін клиенттен алған және клиенттің Банкпен тиісті қызметтерді көрсету үшін талап етілетін талаптарын орындау күннен бастап жеті жұмыс күннен астам құрамайды.

13-тарау. Банктің банк қызметтерін ұсыну процесінде туындайтын, клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі

152. Банкпен клиенттердің өтініштерін қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2011 жылғы 28 ақпандағы № 19 қаулысымен бекітілген, «Банктік қызметтерді көрсету және банктердің банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау ережесімен» және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.
153. Банк клиенттердің келесі өтініштерімен жұмысты жүзеге асырады:
- 1) қолына, пошта байланысымен, Банктің электронды поштасы мен интернет-ресурсына, алыста кіру электронды арналары бойынша («Банк-Клиент», «Интернет-банкинг» ж.т.б.) бойынша түскен, жазбаша өтініштермен;
 - 2) телефон бойынша және клиент Банктің офисіне тікелей келген кезде түскен ауызша өтініштермен.
154. Банктің уәкілетті тұлғалары Банк Басқармасының Төрағасымен бекітілген, қабылдау кестесіне келісімді айына 1 (бір) реттен сирек емес жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды, ал Банк филиалдарында – филиал директорлары жүргізеді. Қабылдау белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың мәліметіне жеткізілген күндері мен сағатында жұмыс орны бойынша жүргізіледі. Егер клиенттің өтініші қабылдау уақытында Банктің уәкілетті тұлғасымен рұқсат етілуі мүмкін болмаса, ол клиентпен жазбаша түрде жазылады және онымен Банктің ішкі құжаттармен көзделген тәртіппен жазбаша өтінішпен сияқты жұмыс жүргізіледі.
155. Клиенттердің жазбаша өтініштері Банктің ішкі құжаттарына сәйкес деректемелері бар, жазбаша өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.
- Клиенттің өтінішін тіркеген соң, Банктің уәкілетті қызметкері клиентке өтініште көрсетілген байланыс телефоны және басқа деректер бойынша өтінішті тіркеу нөмірін хабарлайды, оны мүмкін қарау мерзімдері және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жауап алу тәсілдері туралы хабарландырады.
156. Банк офисіне өзі келген кезде, клиентке оның қағаз көзіндегі жазбаша өтінішін қабылдауды растайтын құжат беріледі не өтініштің көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Банкпен өтініштерді қабылдаудан бас тарту рұқсат етілмейді.
157. Банктің интернет-ресурсы, телефон және басқа байланыс арналары арқылы түскен өтініштер Банктің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен тіркеледі.
- Клиентпен телефон арқылы сөйлесуді жазу сөйлесер алдында бұл туралы ескерткен кезде оның келісімімен жүргізіледі. телефон арқылы сөйлесуді жазу туралы ескертуден кейін, клиенттің телефон арқылы қоңырау шалуды жалғастыруы мұндай жазуға келісімін білдіреді, сондай-ақ телефон арқылы сөйлесуді жазу дауларды сот арқылы қару барысында дәлел ретінде және/немесе Банк пен клиенттің арасындағы кез келген шешу үшін пайдалануы мүмкін болады.

158. Банкке ауызша түрде (телефон бойынша немесе Клиент Банк офисіне өзі келген кезде) түскен өтініштер дереу қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, онда клиенттің ауызша өтінішіне жауабы іле-шала беріледі. Егер ауызша өтініш дереу шешілмесе, онда ол клиентпен жазбаша түрде жазылады және онымен жазбаша өтінішпен сияқты жұмыс жүргізіледі. Клиент жауапты алу үшін қажетті рәсімдер және мұндай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабарландырылады.
159. Банк жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты және уақытылы қаралуын қамтамасыз етеді, наразылық ахуалды реттеу бойынша шаралар қолданады, клиенттерді олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарландырады, өтініштер бойынша заңды және негізделген жауаптарды даярлауды қамтамасыз етеді, бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерде өтініштердің қаралауына қамтамасыз етеді.
160. Клиентке пошта байланысы немесе қолға беру бойынша түскен жазбаша өтініштің жауабын тапсыру клиенттің өтінішінде көрсетілген мекен-жай бойынша ескертумен тапсырыс хатпен пошта бойынша немесе Климент Банкке келген кезде, қол қйғызып өзінің қолына тапсыру жолымен жүргізіледі, ол туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі қойылады. Банктің интернет-ресурсы арқылы түскен өтінішке жауап электронды құжат түрінде жүзеге асырылады.
161. Клиенттің өтініші негізді және заңды болған жағдайда, Банк бұзушылықты жою және клиенттің құқтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

14-тарау. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі

162. Банк және оның клиенттерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банк пен клиенттің арасындағы банктік қызмет көрсету шартына сәйкес құқықтары мен міндеттері бар. Шарттармен көзделген міндеттерін орындамағаны немесе тиіссіз орындағаны үшін, Банк пен клиенттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және тиісті шарттардың талаптарымен көзделген жауапкершілікті көтереді.
163. Банктер клиентке банк операцияларын жүргізумен байланысты мүмкін тәуекелдер туралы ақпаратты ұсынудан бас тартуға құқылы емес.
164. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және клиенттермен жасалған шарттармен белгіленген тәртіппен банк операциялары мен қызметтерді жүзеге асырады және клиенттің шоттарына банктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.
165. Клиент шоттағы өзінің ақшасын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен және шегінде өкім етуге құқылы; шотпен өкім ету, тиісті түрде рәсімделген сенімхаттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Банктің ішкі

құжаттарының талаптарына сәйкес Банкке ұсынылатын басқа құжаттардың негізінде өзінің сенім білдірген тұлғасына (өкіліне) шот бойынша үзінді – көшірмелерді (анықтамаларды) алу құқығын ұсынуға.

166. Клиент банк шоты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін операцияларды жүргізбеуге міндеттенеді.
167. Банк өз беделін қорғау бойынша шаралар қабылдайды және ақшаның жылыстауымен күресудің және күмәнді операцияларға қатынасының халықаралық стандарттарын ұстанады. Клиенттің шотына ірі сомаларды (ірі көлем Банктің өз бетімен белгіленеді) енгізген/есептеген/алып тастаған жағдайда Банк талап етуге міндетті, ал клиент Банспен белгіленген мерзімде ақшаны шығу тегінің заңдылығын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Банк клиентке банк қызметтерін көрсету үшін, соның ішінде шектелмей шотқа/шоттан ақшаны салу/есептен шығару және қолма-қол ақшаны енгізу/шешіп алу үшін, Банктің пікірі бойынша қажетті кез-келген құжаттарды/ақпаратты талап етуге құқылы. Егер Банк талап еткен құжаттар/ақпарат ұсынылмаса немесе Банк талаптарын қанағаттандырмаса, Банк ақшалардың/операциялардың заңдылығы расталмаған деп есептейді және ақшаны клиенттің шотына салмауға және/немесе бір жақты тәртіпте клиентке қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.
168. Банк бас тарту немесе тоқтатуды ВТБ Тобының саясатына және Банктің ішкі құжаттарына, сонымен қатар кез-келген елдің құзыреттігіне сәйкес (мысалы ОҒАС) немесе халықаралық ұйыммен (соның ішінде, шектелмей FATF және БҰҰ) кез-келген негіз бойынша клиентке салынған және/немесе әрекеті клиентке қолданылатын, санкциялардың Банспен орындалуын шарттайтын, уәкілетті мемлекеттік органдардың ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырса, Банк клиенттің шоты бойынша кез-келген операцияны жүргізуден бас тартуға немесе жүргізілуін тоқтатуға құқылы. Бұл ретте Банк жоғарыда аталған санкцияларға байланысты клиенттің төлем нұсқауларын орындауда Банктің бас тартуымен немесе орындалуын тоқтатумен келтірілген клиенттің шығындары үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Бұл ретте Банк, егер бұл кез-келген қолданбалы халықаралық немесе ұлттық заңнамаға қарама-қайшы келмесе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге мерзім белгіленбесе, осы тармаққа және шарттың ережелеріне сәйкес клиенттің шоты бойынша операцияларды жүргізуден бас тартатыны, тоқтата тұратыны немесе тоқтатыны туралы клиентке хабарлауға тырысады. Банк ВТБ тобының лаңкестіктің және қудалануға ұшыраған немесе ақшаны жылыстатқаны үшін күдікті тұлғаның қаржыландырылуына жол бермеу бойынша саясаты бойынша, кез-келген елдің құзыреттігіне сәйкес тергеу жүргізу мақсатында жоғарыда көрсетілген жайттарға Банктің күмәні болса, клиенттің шоты бойынша операцияларды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға уәкілетті (Банк өз күмәндерін негіздеуге немесе дәлелдеуге міндетті емес).
169. Банктің жалған төлем құжаттарды жасауды растайтын құжаттар болған кезде, оларды қателесіп есепке қосу факті анықталған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе клиентпен жасалған шарттармен

көзделген жағдайларда, олардың келісімінсіз клиенттердің банк шоттарынан ақшаны қолданудан алу құқығы бар.

170. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен жағдайларда, клиенттің банк шотын жабуға және мыналар болған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шотты жабудан бас тартуға құқылы:

1) банк шотына орындалмаған талаптар, соның ішінде банк шоты бойынша шығыс операцияларды тоқтату құқығына ие, уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдері, сондай-ақ мыналармен байланысты шотты жабу жағдайларын қоспағанда, клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие, уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері (қаулылары):

а) клиент-заңды тұлғаны жомен немесе қайта құрумен;

б) жеке және заңды тұлғаның шотында ақшаның бір жылдан астам жоқтығымен;

в) жеке және заңды тұлғаның шотында ақша қозғалысының бір жылдан астам жоқтығымен. Банк шот иесін шотта ақша қозғалысының жоқтығы және ескерткен күннен бастап үш ай аяқталу бойынша оны жабу туралы туралы ескертеді. Егер ескерткен күннен бастап үш ай ішінде шот иесі шот бойынша операцияларды жаңартпаса, банк бір жақты тәртіпте банк шоты шартын бұзады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 291 бабына келісімді нотариустың депозитіне ақша қалдығын аударып, шотты жабады;

г) клиенттің банк шоты онда ашылған банкті жоюмен;

д) жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашуға және жүргізуге лицензисынан айрылған жағдайда, онда клиенттің банк шоты ашылған банкті қайта құрумен.

2) клиент-заңды тұлғаны жоюмен немесе қайта құрумен байланысты шотты жабу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес клиентпен банкке ұсынылатын, сыртқы экономикалық экспортты-ипорттық келісім-шарттар бойынша орындалмаған талаптар.

171. Банк қарызын (кредитті) ұсынған кезде, Банк мына мүмкіндіктерді клиентпен жасалған шартпен көздеуге құқылы:

1) банк қарызы шартының талаптарын қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына бір жақты тәртіпте өзгертуге;

2) қарыз алушы қарыздың (кредиттің) кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күнге бұзған кезде, қарыз (кредит) және ол бойынша сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге.

172. Банк банк қарызы шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамайтын қарыз алушыға қатысы бойынша мыналарға құқылы:

1) жаңа кредиттер бермеуге;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте қарыз алушының талабы бойынша ашылған банк шоттарындағы, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер түріндегі қарыз алушымен алынатын ақшаны қоспағанда, қарыз алушының кез келген шотында бар ақшаны қарыз алушының келісімсіз өнідірп алуға айналдыруға (егер бұл шартта ескерілген жағдайда);

- 3) төлемге қабілетсіз қарыз алушыны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп тану туралы талап өтінішпен сотқа жүгінуге;
- 4) банк қарызы шартымен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген, өзге де шараларды қолдануға.

173. Банк мына жағдайларды қоспағанда, банк қарызы шартын (шарттарын) жасау шеңберінде жаңа қарыздарды (кредитерді) беруді бір жақты тәртіпте тоқтатуға тиіс емес:

- 1) Банкте олар кезінде жаңа қарыздарды (кредитерді) ұсынуды жүзеге асырмау құқығы туындайтын, банк қарызы шартымен көзделген;
- 2) қарыз алушы банк қарызы шарты бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзған;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Банкпен жүргізілетін мониторингтің нәтижесі бойынша анықталған, қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлаған;
- 4) Банктің банк қарызы шартын тиісті орындауына әсер ететін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген.

174. Кепіл туралы шартпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда, Банк сауда-саттық (аукцион) жүргізу жолымен мәжбүрлі соттан тыс тәртіппен кепілде тұрған мүлікті өз бетімен сатуға құқылы.

175. Банк қарызын (кредитін) ұсынған кезде, Банкке тыйым салынады:

- 1) жеке тұлға-қарыз алушымен шартты жасау күніне белгіленген тарифтердің, комиссиялық сыйақылардың және қарызға (кредитке) қызмет көрсету бойынша басқа шығыстардың мөлшері мен есеп айырысу тәртібін көбейту жағына бір жақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) жасалған банк қарызы шартының шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін бір жақты тәртіпте енгізуге;
- 3) банк қарызы шарты бойынша теңгеде, кез келген валюталық баламаға байлап берілген міндеттемелер мен төлемдерге индексациялауды жүзеге асыруға (осы шектеу банктердің арасында жасалатын шарттарға таралмайды);
- 4) егер қарызды (кредитті) ұсыну туралы талаптармен сақтандыру шарттарын жасау туралы және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын, мүліктің нарықтық құнын белгілеу мақсатында бағалауды жүргізуге, сондай-ақ қарыз алушыға өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеу талаптары көзделсе, қарыз алушыны, кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектеуге;

- 5) осы Ереженің 161 тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, жасалған банк қарызы шартының шеңберінде жаңа қарыздарды (кредиттерді) беруді бір жақты тәртіппен тоқтауға;
 - 6) осы Ереженің 125 тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалармен жасалған банк қарызы шартын жасау күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін көбейту жағына бір жақты тәртіппен өзгертуге.
 - 7) қарызды (кредитті) алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толық мерзімнен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды (кредиттерді) мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық төлемді немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алуға;
 - 8) егер негізгі борыш пен сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мерекелік күнге келген және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген жағдайда, тұрақсыздық төлемді немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алуға.
176. Банк қарыздарын (кредиттерді) олардың тізбесі уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленетін, оффшорлық аймақтарда тіркелген тұлғаларға ұсынуға тыйым салынады.
177. Банк банк қарызын (кредитті) ұсынған кезде, қарыз алушы мыналарға құқылы:
- 1) банк қарызы шартын жасау күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні ішінде қарызды (кредитті) қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемді және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз қарызды (кредитті) ұсынған күннен бастап Банкпен есептелген сыйақыны төлеп, қарызды (кредитті) қайтаруға (тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға, кәсіпкерлікті қызметті жүзеге асырмен байланысты емес, қарызды (кредит) алған жеке тұлға – қарыз алушы үшін);
 - 2) егер негізгі борыш пен сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мерекелік күнге келген жағдайда, тұрақсыздық төлемді немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз сыйақыны немесе негізгі борышты төлеуді одан кейінгі жұмыс күні жүргізуге;
 - 3) өтініш бойынша банк қарызы шарты бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлемге, айыппұлдарға және басқа төлеуге жататын сомаларға) бөлу туралы ақпаратты 3 (үш) жұмыс күннен астам емес мерзімде, ақысыз, бір айда бір реттен жиі емес жазбаша түрде алуға;
 - 4) банк қарызы шарты бойынша ұсынылған ақшаны Банкке ішінара немесе тролық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша – мерзімі өткен төлемдерді көрсетіп, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлемге, айыппұлдарға және басқа төлеуге жататын сомаларға бөліп, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді ақысыз, 3 (үш) жұмыс күннен астам емес мерзімде, жазбаша түрде алуға;
 - 5) тұрақсыздық төлемді немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл аяқталу бойынша қарызды ішінара немесе толық көлемінде мерзімнен бұрын өтеуге;

- б) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы ахуалдар туындаған кезде Банкке жазбаша жүгінуге және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген мерзімде жауапты алуға.
178. Банктің қарыз алушыға банк қарызы шартын тиісті орындау бойынша талаптарына наразылық және талап қою мерзімі таралмайды.
179. Банк клиенттің тапсырмаларын орындаған, сондай-ақ мәмілелерді жүзеге асыруға және қызметтерді көрсетуге клиентпен жасалатын шарттардың талаптарын орындаған кезде, үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға құқылы. Бұл ретте клиенттерді тарту бойынша, Банктің талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, Банктің аталған тұлғамен тиісті шартының (келісімінің) талаптарында Банкке клиенттердің құжаттарын тапсыру бойынша шарттың (келісімнің) негізінде Банкке қызметтер көрсететін тұлғалардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапкершілікті көтереді.
180. Банктің және клиенттерді тарту/Банктің талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру/Банкке клиенттердің құжаттарын тапсыру бойынша қызметтерді Банкке көрсететін тұлғаның арасындағы шарт (келісім) шолу үшін клиентке ұсынылуы тиіс болады және онда осы Ереженің 167 тармағында көрсетілген, Банкке қызметтер көрсететін тұлғаның заңсыз әрекеттері үшін, Банктің клиенттердің алдындағы жауапкершілігі болуы тиіс.
181. Банк және клиент осы Ережеде көрсетілгендерден басқа, өзге құқытары мен міндеттері бар, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, Банктің ішкі құжаттарымен және Банк пен клиенттің арасында жасалған келісіммен (шартпен) белгіленген шегіндегі жауапкершілікті көтереді.
182. Шарттармен тараптардың жауапкершілігін жоятын немесе шектейтін талаптар көзделуі мүмкін болады, мысалы, еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары, шарттың қарсы тарапының кінәсінің жоқтығы, тиіссіз әрекеттері және өзге.

15-тарау. Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

183. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысын үйлестіретін бизнес-иегер Бөлшек бизнесті дамыту департаменті болып табылады.
184. Осы Ережелерге, соның ішінде осы Ережелерге 1 және/немесе 2 Қосымшаларға өзгерістер мен толықтырулар және/немесе енгізудің бастамашысы Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері бола алады, олар мынаған жауапты болады:
- 1) өз құрылымының қызметіне қатысты Ереже қағидаларының Қазақстан Республикасы заңнамасына, Банк Жарғысына және Банктің өзге ішкі құжаттарына сәйкестігіне тұрақты мониторинг жүргізу;
 - 2) Қарама-қайшылықты болдырмау үшін өз бөлімшесінің қызметіне қатысты осы Ережелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы заңнамасына және Банктің өзге ішкі құжаттарына сәйкестендіру бойынша шараларды уақытында қабылдау.

185. Осы Ережелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу кезінде Банктің Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 16 желтоқсанындағы (№40/2014 хаттама) шешімімен бекітілген, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ ішкі құжаттарын әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту ережелерінің талаптары қадағаланады.
186. Тарифтерге енгізілген барлық өзгерістер Банктің Директорлар кеңесі оларды бекіткеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні өткен соң күшіне енеді егер тиісті өзгерістерде басқаша көрсетілмеген болса.
187. Бұл ретте, бизнес-иегер барлық соңғы енгізілетін өзгерістерді қабылдай отырып, осы Ережелердің жаңа редакцияда әзірленуін қамтамасыз етеді:
- 1) егер бұдан бұрын енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды есепке ала отырып, енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар саны 5-тен астам өзгеріс және/немесе толықтырудан астам болса;
 - 2) егер соңғы енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар көлемі қолданыстағы Ережелердің мазмұнының жартысынан артық болса.

16-тарау. Қорытынды ережелер

188. Осы Ереженің талаптарын сақтауды бақылау оларға қатысты бөлігінде Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
189. Осы Ереже жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін күшіне енеді.
190. Осы Ереже күшіне енген сәттен бастап 2015 жылғы 16 қыркүйектегі Банктің Директорлар кеңесінің №24/2015 хаттамасымен бекітілген, № 1 және №2 өзгерістері және толықтырулары бар, 2015 жылғы 11 тамыздағы Банктің Директорлар кеңесінің № 22/2015 хаттамасымен бекітілген, №3 өзгерістері және толықтырулары бар, 2015 жылғы 30 қыркүйектегі Банктің Директорлар кеңесінің №28/2015 хаттамасымен бекітілген, №4 өзгерістері мен толықтырулары бар, 2015 жылғы 30 қазандағы Банктің Директорлар кеңесінің №31/2015 хаттамасымен бекітілген, №5 өзгерістері мен толықтырулары бар, Банктің Директорлар Кеңесі 2015 жылдың 26 маусымында бекіткен (№19/2015 хаттама) Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымының Банкілік және өзге операциялар жүргізудің жалпа талаптары туралы ереженің қолданысы тоқтатылады.

**Бөлшек бизнесті дамыту департаменті
Директоры**

Д.Жакенова